



**«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**



А. Кастанье, Б. Глаудинов

ҚАЗАҚСТАН
Архитектурасы

7 том



А. Кастанье, Б. Глаудинов

Архитектура
КАЗАХСТАНА

том 7



УДК 72
ББК 85.11
Қ 18

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Құрастырушылар: А.Қ. Қапанов, А.И. Рүстембеков
Жауапты редакторлар: А.И. Кастанье, Б.А. Глаудинов

Қ 18 Қазақстан архитектурасы – Архитектура Казахстана. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2012.
Т. 7. – 192 б. – қазақша, орысша.

ISBN 978-601-209-192-2

Ғалым А.И. Кастаньенің жазбалары енгізілген бұл кітапта – көне дәуірлердегі тарихи жәдігерлердің құрылысы, архитектуралық жағы өзінің өн бойына тұнып тұрған тарихи оқиғаларымен байланыстырылып суреттелсе, сәулетші-ғалым Б.А. Глаудиновтың ғылыми мақалалары қамтылған бөлімінде – кеңестік Қазақстанның әртүрлі қалаларында бой көтерген қоғамдық, өнеркәсіптік ғимараттар мен нысандардың салынуы, 1930–1961 жылдардағы архитектураның даму тарихы сөз болады. Қазақстан архитектурасының жеткен жетістіктері мен даму мүмкіндіктері баяндалады.

Кітап сәулет және құрылыс саласының мамандары мен ізденушілеріне арналады.

В предлагаемой книге представлены рукописи ученого-исследователя А.И. Кастанье, который зримо обрисовал построения исторических памятников древности, где архитектурная сторона тесно взаимосвязана с историческими событиями. Далее в научных статьях ученого-архитектора Б.А. Глаудинова рассказывается о строительстве в различных городах Советского Казахстана общественных, производственных зданий и объектов, об истории развития архитектуры в нашей стране в 1930–1961 годы. Также излагаются достижения и возможности развития казахстанской архитектуры.

Книга предназначена для архитекторов и строителей, а также всем любителям архитектуры.

УДК 72
ББК 85.11

© Кастанье А.И., 1910
© Глаудинов Б., 1974
© Рүстембеков А.И., 2012
© «Өнер», 2012
© Көпіш Ә., (безендіру) 2012

ISBN 978-601-209-192-2 (т. 7)
ISBN 978-601-209-139-7 (общ.)



ҚЫРҒЫЗ ДАЛАСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХИ ОЧЕРКІ

Қырғыз даласында жүргізілген археологиялық зерттеулер мен көне мекендерден табылған тас дәуірінің әртүрлі заттары мәселен: тас құралдары, балға, балта, жебе және металдан жасалған ауыр бұйымдар¹ алғашқы адамдардың сол жерлерді мекендегенін көрсетеді. Ежелгі ескерткіштер – обалар мен көне қалалардың орындарын *чудилерге* жатқызуға болды.

Бұл халық балшықтан, ағаштан немесе тастан салынған кішігірім бекіністі қалаларда тұрған. Ондай көне қала орындары Қырғыз даласының Орал, Елек, Тобыл, Есіл, Ертіс жағалаулары немесе басқа көлдердің жағалауларынан әлденеше рет ашылып жатты. Көне қала орындарынан мыс пен қоладан жасалған құралдар мен саздан жасалған әртүрлі ыдыс-аяқтар табылып жатты. Демек, *чудь* халқы Қырғыз даласында елеулі бір кезең болып есептелетін қола мен мыс дәуірі арқылы біртіндеп темір дәуіріне өту үшін Тас дәуіріне кіретін кезеңде өмір сүрді деп шамалауға болады.

¹ Тас дәуірінің Еділбайға жақын қонысы Орск қаласынан солтүстік-шығысқа қарай жатыр. Златоустовск орманды саябағының жерлерінде шөп-шалам қоқыстарының үйіндісі тола. Тас дәуірінің Бестабындағы, Торғай болысындағы қоныстар т.с.с.

Бытырап тірлік кешкен *чудь* (*чудь* деп атаған) халқының күнделікті тұрмыста ұстанған діні, белгілі бір әдет-ғұрпы, салт жоралғысынан бастап өз өнері мен өндірісіне дейін болды. Бәрінен бұрын олардың арасында «Чудтіктердің кені» деген кен ісі айрықша дамып, Ақмола өңірі (Қарқаралы уезі), Оренбург губерниясы (Қарғалы кеніші), Торғай облыстарында кеңінен таралып жатты.

Біздің заманымызға дейін бес ғасыр бұрын Геродот Сақтарды суреттей отырып (IV кітап, 21 тарау) былай деп келтіреді: «Танайс өзенінен өткен соң, әрі қарай енді Сақтың жері емес, сарваттарға тиесілі Метей өзенінің алыс түкпірінен солтүстік желді жаққа қарай 15 күншілік қашықтықта жатқан, жабайы және құнарлы ағаштардың қай-қайсысынан да бөлініп қалған аймақтың бірінші бөлігі басталады; ал, екінші алабынан жоғары қарай жатқан (яғни солтүстіктік жағы) тығыз орман жыныстары басып қалған мекенді (22 тарау) *Вудиндер* иемденген. Ал, Вудиндерден жоғары солтүстікке қарай әуелі 7 күншілік шөлді аймақ жатса, бұл шөлдің сыртқы жағында шығысқа қарай саны, сапасы жағынан айрықша болып есептелетін, аңмен қоректенетін *Пасагеттер*

өмір сүрді. Олармен бірге сол жерлерде олар да аңмен қоректенетін *Иирке* деп аталатын адамдар тұрды... Бұлардан жоғарырақ шығысқа қарай жылыстай отырып, Виссагеттерден әрі, патшалық сақтардан оқшауланып осы елге келіп қосылған Сақтар (23-тарау) тұрады... Бұл сақтардың жеріне дейін барлық елдер жазық және шұқыр топырақты, ал, сырт жағы тасты, айқұш-ұйқыш болып келеді. Ал, сол ойлы-қырлы елдің келесі жағында биік таулардың (Орал) бөктерінде туа бітті таздар деп айтылатын, аты *Аргиппейлер* (Жүйрікаттылар – 24-тарау)... деп аталған адамдар тұрды. Егер, Сақтардан біреулер оларға дейін жету керек болса, жанына жеті аудармашы алуы не жеті тіл білуі қажет болған.

Аргиппейлерден шығысқа қарай қазіргі Семей өңірінің¹ шет жағына жақын маңда исседондар тұрды. Олардан жоғарырақ алтын қорыған *аримастар* мен *гриппилер* тұрды. Ал, *массагеттер*² Оренбург аймағының оңтүстік жағын Орал өңірінің бойын және одан шығысқа қарай Яқсартқа дейінгі жерлерді алып жатты.

Қытай жылнамасы бойынша, біздің заманымызға дейін 200 жыл бұрын қырғыз даласының шет аймақтарында тибет тайпасынан «*юэ-чии*» деп аталатын халық пайда болған және олармен бірге көкшіл көзді, ақ сары шашты «*үйсін*» деген, көне қырғыз тілінде «*Хэу-сун*» деп аталатын тайпа пайда болады. Тарихи деректер бойынша Ғұндардан ығысқан юэ-чжи батысқа, Арал-Каспий көліне қарай қашып барса, үйсіндер Есіккөлдің өзі мен Балқаштың маңайына орналасты. Қытай жылнамашыларының айтуы бойынша Есіккөлдің салқын жаңбырлы аңғарында бай жайылымда үйсіндер *Чи-гу-чин* деген, яғни

¹ Әкесінің өлімінен кейін ұлы оның бас сүйегін алтынмен аптап, кейін оған табынатын болған. Забелиннің сөзі бойынша бас сүйек сусын ішетін тостағанға ауысқан.

² Массагеттер күнге табынушылар болатын: олар үскірік аяздан құтқарушы құдайға арнап өз аттарын құрбандыққа шалатын.

«*Қызыл аңғардағы қала*» деп аталған қаланың негізін салды. Үйсіндердің қаласы Чи-гу-чин V ғасырда әлі де болса өмір сүріп тұрды. Олар Есіккөл өлкелерін иемденді, бірақ, ол кезден әрі қарай қытай тарихшылары не қала туралы, не үйсіндер туралы тіс жармайды. Негізі, *Чи-гу-чин* қаласының көлге батып жоғалуы VI ғасырдың айналасында болуы мүмкін деп болжауға болады. VII ғасырдың бірінші жартысында буддизмнің қытайлық миссионері Хюн-цзан көлдің жанынан өтсе де, неге екені белгісіз, Чи-гу-чин қаласы туралы жақ ашпаған.

Біздің заманымыздың 119 жылынан бастап, үйсін халқы түрік тайпаларымен араласа бастады. Сол уақыттан бастап, үйсіндер тарих сахнасынан көрінбей кетеді. Б.з. 177 жылы үйсіндер, юэ-чжи мен қырғыз даласының шығыс жағын мекендеген басқа да түрік тайпалары қытайлық шеткі аумақтардан шыққан *ғұндардың* тықсыруымен батысқа қарай ығысқан немесе құрып кеткен, бәлкім ассимиляцияланған немесе өмір сүрген. Егер, «патшалық» деген сөздің аясына ұйымдасқан, тығыз біріктірілген деген ұғымды енгізетін болсақ, б.з. II ғасырынан V ғасырға дейін қырғыз далаларынан біз ғұндардың патшалығын көреміз, әрине.

V ғасырдан бастап, *хунь-хе* немесе *ұйғыр* тайпаларынан құралған жаңа моңғол халықтары Алтайдан қырғыз даласына түсіп, ғұндарды бағындыра отырып, олармен тұтасып кетті. Ал, VII ғасырға дейін *буддизмге*³ кірген көп түрік тайпаларының үздіксіз қозғалыстары сахара бойында жалғасып отырды.

Қырғыз даласындағы тайпалардың этнографиялық араласуына VII және IX ғасырларда кейіннен *торкалар* келіп, қазіргі Орал өңірінен Волгаға дейін ығыстырған *печенектер* келіп араласты.

³ Түрік-ұйғыр, қаңлы, қыпшақтармен іргелес қарлықтар тұрды. Шыңғыс ханның кезінде қарлықтардың патшасы Арслан болатын. Түркі-ұйғырлар Балқаш өзенінің бойында көшіп-қонып жүрді.

Торкалар мен печенектер өз кезегінде жаңа көшпенді тайпалар *половтардың* тықсыруымен басқа түрік тайпаларына ығысып, ақырында олармен тұтасып, батысқа, оңтүстік орыс даласына қарай бет алады.

Осы уақыт шамасында оңтүстік Оралда түрік башқұрлар көбейіп, бұл екі ортада кейіннен «*қырғыз қазақтар*» немесе «*қайсақтар*» деген ортақ атаумен мәлім болған жаңа түрік тайпалары тарих сахнасына шықты¹.

Тарихи деректер бойынша қырғыздар бірнеше түрік тайпаларының араласуынан, атап айтқанда, бір кездері *керей*, *найман*, *қыпшақ*, *алшын*, *арғын* болып бөлініп шыққан тайпалардан пайда болған. Керейлер Шыңғыс ханның Отаны – Керулен мен Ононды ежелден бері моңғолдармен алма-кезек жайлап-қыстап отырды. Наймандар XII ғасырда-ақ, Орхон мен Ертіс өзендерінің аралығында керейлермен көршілесе көше-қонып жүрді. Ал, қыпшақтар мен алшындар қазіргі Семей және Ақмола өңіріне² қарасты сахараның солтүстік-батыс бөлігінде көшіп қонып жүрді. Шыңғыс хан мен Батудың жорықтары кезінде моңғол жаугерлерінің тобыры түріктермен араласып кетті. Наймандар мен арғындар Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатайдың ұлысына кіріп, XII ғасырда Еміл өзенінен оңтүстік-батысқа, Қараталға дейін және Нұра өзенінің батысына дейін көшсе, керейлер Қара Ертісте өсіп-өніп, ал қыпшақтар мен алшындар Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұлысына кірді. Сөйтіп, Алтын Орда немесе Қыпшақ ордаларының³ өзегі қалыптасып жатты.

¹ «Қырғыз» сөзі ең көне түрік тайпаларының бірінің атауы болған.

² Басқа мәліметтер бойынша қыпшақ, найман, уақ-керейлер моңғол жерінде өмір сүрген, қазіргі Жетісу облысы..

³ XIX ғасырдың басында мұсылман діні қырғыз сахарасында зор қарқынмен таралады, ол кезде елдің оңтүстік бөлігі мен негізінен Есіккөлде XIII ғасырдан бастап христиан-несториан діні әлдеқашан еніп кеткен еді.

Алтын орданың құлауы және Шағатай мен Жошы ұлыстарының ыдырауы кезінде XV ғасырдың бірінші жартысында қырғыздар басқа түрік тайпаларын бірінші болып алып үлгерді. Қырғыз-қайсақтардың немесе қазақтың бірінші ханы болып, Жошы әулетінен тараған Керей мен Жәнібек сайланды.

Жәнібектің ұлы Қасым хан иелігі Қытай шекараларынан Орал үстірттеріне дейін созылып жатқан барлық қырғыз халқын біріктірді. Қасым хан өлімінен кейін 1520 жылдар шамасында қырғыз-қазақ одағы бөлшектеніп, 200 жылдан кейін тарихқа белгілі: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз деген атпен мәлім үш саяси одаққа бөлініп тынды. Олардың барлығынан да Орта жүздің күші басым болды; Хан ордасының орталығы Ташкент қаласында орналасты.

Тарихтың осы шамасында қалмақтардың пайда болуын айтуға болады. Қалмақтар XVI ғасырдың соңында қырғыз даласының оңтүстік бөлігінде қырғыздарды солтүстік-батысқа тықсыра бастаған кезінде көріне бастады. Бұл халық өз ішінен «ойрат одағы» деген атпен мәлім торғауыт, хонзы, қошуыт, жоңғарлардың одағын құрды, ал, орыстардан «қалмақтар»⁴ деген атпен одақ құрды.

XVII ғасырда моңғолдардың ішкі өзара алауыздығы мен күрес-тартысы ойраттар одағын әлсіретіп, кешікпей ыдыратып, одақтан бөлініп шыққан торғауыттар Тобыл мен Оралдың жоғарғы жағымен батысқа қарай, сосын 1630 жылы Волгаға қарай жөңкіді. Қалған жоңғар тайпасы басқа қалмақ тайпаларымен бірігіп, бұрынғы одақ енді «Жоңғария» деген атпен атала бастады.

Ежелгі Жетісу облысының несториан молалары Жетісу жерін қарақытайлар билеп тұрған, сол дәуірдегі 1249 жылдарға жатады. Ең соңғы мола Ақсақ Темірдің билік еткен кезімен тұстас келеді.

⁴ Қалмақтардың діні – ламаизм.

XVII ғасырдың басында Жоңғар хандығы Алтайдан Арал теңізіне дейін Семей, Ақмола, Торғай облыстарының оңтүстік бөлігін иемдене отырып, жазыла-жайылып қоныстанды. 1739 жылы жоңғарлар қырғыздарға басып кіріп, оларды Орал өзеніне дейін тықсырып шығарды.

Жоңғар хандығын қытайлар талқандағаннан кейін енді, қырғыздар Ресейдің ықпалына түсе бастаған еді.

Қырғыз даласындағы көшпенді халықтардың ежелден бүгінге дейінгі саяси тарихын жалпылай айтқанда осындай. Байқағанымыздай, осы бір

ұлан-байтақ жазира-жазықта азиялық ондаған халықтар бірінен соң бірі жөңкіле жылжып отырған. Сондықтан да бұл алқапты жазиралар «халықтардың тарихи жағалауы» деген атауға ие болды. Әрине, олардың әрқайсысы басып өткен іздерін өзінен кейін қалдырып отыруға тиісті болды. Ал, бұл іздер – обалар мен мазарлар, тас мүсіндер мен тасжазулар, қалалардың қалдығы, бекіністер мен ғимараттар, әртүрлі дәуірлердің басқа да не түрлі ұсақ ескерткіштері ақсамайлы ежелгі заманның тілсіз куәлары болып болып қала бермек.



ҚАЗБАЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Ташкент маңындағы оба қазбалары. 1887 жылы Императорлық Археологиялық Комиссияның тапсырмасымен Н.П. Остроумов Ташкенттің маңында Никифоров қаласында қазба жұмысын жүргізді. Бұл қазба жұмыстары туралы есептеме Түркістан Хабаршысының 1982 жылғы №42 мәліметтер жинағында көрсетілген.

Әулиеата уезіндегі оба қазбалары. «Императорлық Археологиялық Комиссияның 1890 жылғы есептемесінен» біз 1889 жылы көктемде қырғыздардың жабайы түрде аяусыз қопарыстырып тастаған қазбасын таптық. Қазба жұмыстары 1) Күйік тауларында, Теріс өзенінің сол жақ жағалауындағы Үңгірлі Сайда, Әулиеатадан 60 шақырым жерде және 2) Кіші Бөрілінің оңтүстік ылдиында Әулиеатадан Солтүстікке қарай 8 шақырым жерде жүргізілген. Сол жерлерден табылған заттардан қола айна, белдіктерден қалған алтын жиынтығын, күміс сауыт т.б. заттарды көрсете аламыз.

Императорлық Археологиялық Комиссия қызметкері Калемнің берген мәліметтері бойынша жүзден асатын обалар немесе мазарлар жергілікті адамдардың қолымен бағалы заттарды іздеу мақсатында

ақтарылған. Кәлемнің Бөрілі даласының беткейінде және жоғарғы жағында жүргізген қазба жұмыстары оңды нәтиже бере алмады.

Шымкент уезіндегі оба қазбалары. 1893 жылы шілдеде Н.П. Остроумовтың Мамаевтағы және Шымкент маңындағы обаларға жүргізген қазбасында (Түркістан үйірмесінің қазба есептемесінің Хаттамасын қараңыз. 1898–1899 ж., 118-137 бет және Түркістан Хабаршысы, 1893 ж., №50 және 52) Мамаевқа жақын бірнеше кішігірім мола төмпешіктері қопарылып жатты. Қопарылған молалардан екіден, төрттен үйіліп қойылған адам қаңқалары табылды. Адам қаңқаларының бастары солтүстікке және шығысқа бұрылып, бет сүйектері жоғары жаққа қаратылған. Бірнеше молада қаңқалар бір деңгейде емес, жер қабаттарының әртүрлі қабатында жатты. Остроумов мырзаның айтуынша, қаңқа өзінің пошыммен қайтыс болған адамның моңғолдық тектен шыққандығын күмәнсіз көрсетеді. Қаңқалардың бірінен еріксіз қызықтыра түсетіндей аномалияны көруге болады. Мәселен, бас сүйектен адам маңдайын байқау мүлде мүмкін емес, ал, қасының үстіндегі дөңгелек бөлігі жоғарыға қарай бағытталаып барып, сосын

ақырындап шүйдеге қарай құлдилайды. Сондай-ақ, бірнеше ұсақ моншақтар мен мыс бұйымдарының сынығы табылды. Молалардан құмыралар мен тостаған табылмады. Барлық қаңқалар жан-жағынан балшық басып қалған төртбұрышты жабық кірпіштермен қоршалған.

Мамаев ауылына жақын Н.П. Остроумов Жуантүп немесе Таяқсалды обаларына қазба сынағын жүргізіп көрді. Бұл оба пирамида сынығы бейнесінде 8 биіктікте орнатылған. Бұл пирамиданы салу кезінде әрбір жағында 50 құрым, ал, жоғарғы кесігінде 25 құрым қоса салынғаны байқалады. Жуантүп (Таяқсалды) обасының ішінде екі жасанды білікпен олардың арасында жалпағынан үш жырық жатыр. Обаның 1½ аршын тереңдікте жатқан биігінде сол 1893 жылдың мамыр айына дейін межелеуші Баронин үш аяқшасы бар және екі қол диірментасының сынығы бар дөңгелек балшықтан жасалған үстелді қазған. Сонымен қоса, бұл жерде саздан жасалған ыдыс-аяқтар мен адам сүйектерінің сынықтары табылған. Ал үстелдің астында шіріп кеткен киім қалдығы көрінеді. Жуантүптің үлкен төбе үйіндісінің бірнеше жерінде және оның айналасында Остроумов мырза қазбалар жүргізген. Жердің барлығы үйме-жүйме секілді көрінеді. Төбелерде жуан саздан жасалған ыдыстардың бастары да кездеседі. Үймектің екі жерінде бір ұзындықтың түбінде қыш ыдыстардың бас жағының сынықтары шашылып жатқан, ал, жоғарғы жағын ұсақ жұмыртастар басып қалған дөңгелек шұқырлардың диаметрлік аршынын байқауға болады.

Жуантүптің маңында Н.П. Остроумов Қарауылтөбе деген атпен мәлім, Баронин көмбе табатын¹ басқа төбені қарап шықты.

Остроумов мырзаның пікірінше, бұл көмбеден табылған теңгелер онда жазылған жазбалардың әрпі-

¹ Бұл олжа туралы баяндауларды әрі қарай қараңыз.

не қарап, көне екендігін сөзсіз көруге болады, бірақ, ол көмбенің ашылуын әртүрлі кездейсоқ фактілерге де теңеуге де болады. Мысалы, «көмбенің иесі теңгені әлдебір жаудан қашу кезінде немесе сахара барымташысы көне Отырар саудагерінен тонап алғанын жасырғысы келіп, ұрланған байлықты даладағы төбеге тығып, сосын өзі көшке қайтып келуі де мүмкін. Немесе содан кейін өзі де әлдекімдердің қолынан қаза тауып, байлық төбеде қалуы мүмкін. Остроумов мырза Шымкенттің маңының Бадам өзенінің жағасында одан басқа да қазбалар жүргізді. Бұл жерде «Алуан Кент» деген атпен мәлім төбе де бар. 1888 жылы Остроумов мырза келіп кеткен бұл төбеде 25 ұзындықтан өрнектелетін 3 ұзындық бар; бірақ, қазіргі күнде төбеден (яғни, 1893 ж.) оның бұрынғы көлемінің жартысы ғана қалды деп болжауға болады. Қазба кезінде көптеген бас сүйектері, қазіргі күнде де жергілікті халық қолданатын үлкен қыш құмыралардың сынықтары табылды.

Шымкенттегі Алуан Кент обасы қандай бір ғимаратқа қатысты мақсаттың шешімін табуға көмектесетін ешбір оңды нәтиже бермеді. Обаны қазу соңына дейін жеткен жоқ.

М.А. Кирхгофтың мәліметі бойынша (қараңыз: Түркістан үйірмесінің Хаттамасы және хабарламасы. 1906/7 ж., 58-59 беттер), обаларды жабайы қопарылыстырулардың іздері Бесарықтың теміржол станциясынан солтүстікке қарай Ақүйік шатқалы бойымен жүргенде, өзеннің шатқалға кіреберісіне шамамен 2 шақырымдық жерде көзге түседі.

Әлгінде Остроумов еске салған, жоғары жағынан Баронин көмбе тауып алатын Шымкент уезінің обалары және Қарауылтөбе обасы туралы (Қазан. унив. XI т., 4-шығ.) мынадай мәліме келтірілген: «Осы жылдың мамыр айында шаруа егістігінен көмбе табылды. Көне Отырардың қалдығынан 25 шақырым биіктікте, Арыс өзенінің сол жақ жағалауы мен

өзеннің оң жағында жатқан із әлдебір жұмбақ сыр жасырып жатқандай, екі биік текшеленіп үйіліп қалған оба бар. Олардың бірінің бұрыш астынан бөлініп шыққан екі тіп-тік кішкентай обалардың сызығы көне қабырғалардың ізін көрсететіндей. Обалардың Арыспен қатар жатқан сызығы 8 шақырымға дейін тартылады. Сосын біртіндеп, басқа обалардың үйіндісі басып қалған, биіктігі 15 ұзындыққа жететін төбешіктердің ортасында жоғалып кетеді. Ең соңғысы абажадай зор дуалмен қоршалған немесе бұл іздер магистральды арықтың ізі болуы да мүмкін. Жер өлшеуші Барониннің межелеу жұмысы кезінде бірінші обада межеленген белгіні қоя отырып, жұмысшыларға шұқырды қазуды бұйырған. Сөйтіп, міне, бірнеше құлаш кетпеннен кейін жұмысшылар саз ыдыстың сынып түскен дыбысын естиді. Жұмыс әрі қарай сақтықпен жүріліп, кешікпей металмен айнала қапталған қышқұмыра табылды. Ыдыста: 1800 күміс пен 4000 мыс теңгелер, бірнеше інжу-моншақтың бауы, ақық тастың сынықтары, екі немесе үш кішкентай теңіз қабыршақтары, қола үзеңгі, 2 күміс білезік және басқа да әртүрлі әшекейлер табылды.

Дәл сондай жағдайдағы басқа да қорғанда үлкен өртелген қыштан жасалған дөңгелек үстел, астында безендірулер жүрілген аласа аяқты қол диірмен, ал олардың бірнешеуі крест тәрізді пішінде көрінеді.

Табылған теңгедегі жазбаны оқыған әлдебір сауатты қырғыздың айтуы бойынша, теңге тимуридтықтардың бірі Барур сұлтанның дәуіріне жатуы мүмкін.

Мерке маңындағы обалар қазбасы. Түркістан үйірмесінің Хаттамасынан, 1898 ж. №3, 129-131 беттерден біз И.Аничковтың хабарламасынан Мерке маңындағы бір обаның қазбасы туралы оқимыз. Мола (оба болуы да мүмкін) томпақ төбешік секілді көрінеді. Оны қазған қырғыздар. Асем-төре ақсақалдың айтуы бойынша, мола қырғыздардың Қарағыстан болысының жайлауында, Қарағыстан таулы аңғарында орналасқан. Ақ-тастан (Александровский төбесі) адам бойына тең келетін әлдеқашан шіріп, шашылып кеткен сүйектер табылды. Олардың жанында ер-тоқым құралдарының металды сынықтары, жебелер, күміс тостаған т.б. әртүрлі заттар табылды. Бұл мәліметтің авторы бұл жерде ат мінген адамның жерленуі мүмкін деген болжам айтады.





ҚЫШ СҮЙЕКСАУЫТТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Археология әуесқойларының түркістан үйіресі мүшелерінің жиыны мен хаттамаларында аталған ұйымның жұмыс жасауына 11 жыл толғанда Н.П. Остроумовтың қыш сүйексауыттар туралы мақаласы жарияланды. Мақаланың авторы қыш сүйексауыттар Ташкент төңірегінде табылғанын есептей келе, оған Самарқандта табылған олжалардың да ұқсайтындығын айтады¹.

Н.П. Остроумовтың жазуы бойынша: «Қазіргі күнде Ташкент мұражайында Ташкенттің маңынан әртүрлі уақыттарда табылған 11 қыш сүйексауыт сақтаулы тұр. 12-нің үлкен ақауы болса, 13-де бір қолына шокпар ұстап тұрған батырдың тұлғасы бейнеленген қабырғаны бойлай түскен сызат бар. Бірінші қышсауыт 1886 жылы бұрынғы Ниязбаш пошта

¹ 1908 ж., 19 желтоқсан, «Түркістан Курьерінде» Археология әуесқойларының түркістан үйіресінің мүшесі Калмыковтың Самарқандтан В.Н. Кастальский тапқан қыш сауыттарға қатысты баяндамасына қатысты ескертпе бар. Қоғамның мүшесі Калмыков табылған олжаны б.з. IV–VII ғасырға жатқызды. Табыттың қақпағындағы ойып салынған суреттерден баяндамашы табыт аңызда айтылатын өсімдік «Гаома» или «Сомаға» табынатын тайпаларға жатқызған қорытынды жасайды. «Гаома» діні туралы «Зенд-Авестада» еске алынады.

станциясына жақын, Самарқандқа барар жолда, Ташкенттен 22 шақырым қашықтықта отставкадағы жауынгер Ваулиннің үйінен табылды.

Содан кейін Н.М. Никифоровтың Ташкенттен 2 шақырымдық бұрынғы жерінде, Никольский қыстағының жоғарғы жағында Алтынтөбе обасына жақын жерде жұмысшылар арық жүргізген жерде тұтастай бір қыш сүйексауыттар табылды.

Үшінші олжа 1889 жылы үйірменің қайтыс болған мүшесі, генерал Жорабектің Ташкенттен 2 шақырым, Күйлік жолының бойындағы, қала сыртындағы бақшасынан табылады. Сондай-ақ, Александрлық саябақты салу кезінде Ташкенттің қысқы театрына жақын жерде адам сүйегі салынған қыш табыт табылған. Және де 1896 жылы Ташкенттен 6 шақырымда Самарқандтың ескі пошта жолының бойында сарт Рахметолла Латыпбаеваның ауласында жер астынан адам сүйегіне толы қыш қақпақтармен жабылған қыш сүйексауыттар табылады.

1897 жылы Н.П. Остроумовтың және үйірменің екі мүшесінің қатысуымен Ташкент сарты Ақбар-



ханның бақшасындағы жерден 2 аршын тереңдіктен құрғақ жерге сіңіп кеткен адам сүйегіне толы қыш сүйексауыт табылады.

1904 жылы 12 қарашада өткен үйірме мүшелерінің отырысында, үйірме мүшесі Мырза-Абдулла Иса-Мухаммедов мұражайға Ангрен аңғарында қырғыздар тапқан екі сүйексауытын сыйға тартты.

Осы 1904 жылы үйірме мүшесі Каллаур Н.П. Остроумовқа Әулиеата қаласында ойпаң жерді қазу кезінде бір қыш табыт пен адам сүйегіне толы құмыра табылғанын хат арқылы хабарлайды. Бұл табыттың табылған жерінің бір жағы – қаланың өзіндегі Николаевский әскери шіркеуінің шіркеу алаңының маңы, екінші жағы – нан базары.



БАЛБАЛ ТАСТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Археология әуесқойларының түркістан үйірмесі мүшелерінің хаттамаларында (1897 ж., №1) Каллаурдың өте қызықты мақаласы жарық көрді. Әрине, Түркістанда бірінші болып балбал тас тақырыбын ашқан В.А. Каллаур екендігіне талас жоқ. Бірінші балбал тас Меркеге жақын орналасқан Сомтөбе обасында, Мерке¹ ауылынан орыстарға жер бөліп беру кезінде табылған. Екінші балбал тас 1889 жылы Шымкент уезінің шет жағында Қаратау тауларында, Көк-Талда табылды. Тағы да бірнеше балбал тас 1893 жылы Каллаур мырзаның қазба жұмысы кезінде Меркеге қарсы беттегі Жалаңашта, Александровск бөктерінің тау етегінде, 1896 жылы Ұрмарал жағасынан, Дмитриевка ауылынан жоғарырақта; соңғысы 1897 жылы Сандық аңғарында, Шымбұлақта, Жайсаңды бұлақта және Әулиеатадан 10 шақырымдық Жетітөбеге жақын жерден табылды.

Бұдан кейін балбалдар сондай-ақ, Александровск жотасының тау етегінде де 1896 жылы И.В. Аничковскийдің атсалысуымен табылады. Бұл балбалдардың барлығы да тау жынысының тасынан

¹ Бұл балбал тас Ташкенттегі үйірме мұражайында сақтаулы (қараңыз: XIV кесте, 1–7 суреттер).

жасалған, оның біразы айбатты баскиім немесе дулығаны елесететін сүп-сүйір бас сүйектерінен тұрады. Басқаларының басы дөңгелектеніп келеді. Барлығының да қарнында қолға ұстап тұрған тостағандар бейнеленген. Балбал тастардың көбісі обаларда бір-бірден немесе екіден, тіпті, үш-үштен орнатылған.

Бұл сапарында Каллаур мырза көрген балбал тастар: 1) Николаевский қыстағында, 2) Қарабалтық қыстағында екі балбал.

1898 жылы В.Каллаур тапқан екі балбал тастар табылған жерлер—Әулиеата қаласынан 60 шақырымда Тасбастау қорғандарының бірінен, №6 қырғыз қыстағының маңы, Тас-Төбе болысы, Шешенқара Жангелдиннен.

Тағы бір балбал тас табылған жер қырғыздар қопарыстырып тастаған Қыш-Қоңыр аймағының Көк-Тал өзенінің бойында. Ер адамды бейнесі іспетті көрінетін балбал тастың сұлбасы басқа Талас өзенінің жоғары жағынан табылған балбал тастан өзгешелеу; ал басқа екі балбал тас – Бештаста, екеуі – Урмолада, Романовка қыстағында, Михайловск қыстағынан төмен Талас өзенінің бойында.



1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7 суреттер. Ташкент мұражайындағы Сыр-Дария облысының балбал тастары

Ақырында, қырғыздар Каллаур мырзаға Бадам өзенінің жоғарғы жағында бірі ересек, бірі жас бала екі балбалтастың табылғанын хабарлайды.

1897 жылы Каллаур мырза Әулиеатаға археологиялық сапарға шығады. Алатау тауларындағы Боқайыр шатқалының Ақтайлақ мазарына дейін 30 адым жетпей, шатқалдың оң жағынан Каллаур мырза безендірілген кішігірім балбал тасты табады. Балбал тас батысқа қарата қойылған. Бұл балбал тасты олар осы жолы алып кетіп, уез басшысының үйінің жанындағы баққа әкеліп орнатады. 1901 жылы В.Коловский тапқан балбал тас Қаратаудың шығыс жағындағы Өсектас шатқалынан табылды.

Бұл таулардың Көк-Тал шатқалынан Каллаур 1889 жылы бұрын да балбал тас тапқан болатын.

Каллаур 1904 жылы Биік-Шақпақ қыстағынан Грозный қыстағына шығатын жолда Черчекбай Нар-

бушиннің қыстағы маңынан қызыл тастан жасалған балбал тас тұрған кішігірім обаны көрген (қараңыз: Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің Хаттамасына қосымша, 1904 ж., 55 бет).

Аничков мырзаның анықтауы бойынша балбал тастардың таралуы аймағы тұрғысында Александровск жоталары мен Сусамыр аңғары айрықша маңызды; Меркеден әрі қарай Ахыр-Ташқа қарай ешбір балбал тас кездеспейді.

Мақала авторының хабарлауында құлпытасқа қатысты мынадай да қызғылықты ой айтылады. Яғни, бұл бейнелерден қырғыз даласында кездесетін адамдардың бұрынғы кескіндерінің әбден мүжілген формасын көруге болады екен (қараңыз: Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің хаттамасындағы Мустафиннің мақаласы, 11 желтоқсан, 1897–1899 жж.).



ТАСЖАЗУЛАР

ӘУЛИЕАТА УЕЗИ


1897 жылы В.Каллаур Әулиеатаға уезіне ішінара Талас өзенінің таулы аңғарына да археологиялық сапарға шығады. Терексай шатқалында тапқан тасжазулар Каллаурдың пікірінше, ұйғыр тілінде жазылған. Осы жолы тасжазулардың төртеуі суретке түсіріліп алынады. Әрі қарай Каллаур Құлан-Сай шатқалына жақын Шымтастағы ұйғыр жазуын еске түсірген тасжазуды да қарап шығады. 1898 жылы Каллаур Айыртам-Ой шатқалына Орхон жазуын көру үшін барады. Бұл жерден басқа да Орхон жазулары табылады (қараңыз: Императорлық орыс археологиялық қоғамы шығыс бөлімшесінің жазбалары. XI т.).

Боралдай жазбалары. Түркістандық мәліметтер жинағының 1905 жыл, 4 қыркүйекте, №130 санында П.Комаровтың мақаласы жарияланды. Қайта басылған мақаланың қосымшасы Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің 1905 жылғы «Боралдай жазбалары туралы» мәліметтеріне арналған. Мақала авторының хабарлауынша, «Теректі жылға-

сының сағасынан аздаған жоғарырақ, Боралдай өзенінің сол жағына құйылатын, бас жағы Боралдайдың сол жақ тарауының арасындағы су айырықтың бас жағында, Қара Тастыбұлақ пен Қызылбұлақта құз бар екен де, ал, онда жазулар мен суреттер¹ бар. Бұларды да, өзгелерді де қырғыздар қалмақтарға жатқызады.

Ал, Комаровтың пікірінше, бұл жазулардың кескінінде қалмаққа жататын ештеңе жоқ. Боралдайдың жағалауларынан Үлкен-Төр зеңгіріне қарай қиялай көтерілген тастарда жылқы, арқар, (Ovis argali), бұғы марал, (Cervus tarandus или elaphus), тазы ит, қасқыр секілді жануарлар мен адамдардың кескіні ойып салынған. Былайша айтқанда, таутекелерді қуып бара жатқан садақ ұстаған салт аттылар мен ерттелген аттар бейнеленген. Кейбір суреттер мейлінше әдемі салынған десе де болады. Тастағы бейнелерден басқа Орхон жазуларына немесе қырғыз таңбаларына ұқсайтын, кейбір бөлігі Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің №2 Хаттамасы 61-бетінде келтірілген несториандық мола-


¹ Шымкент уезінің Боралдай болыстығы.



1-сурет. Әулиеата уезі Сыр-Дария облысындағы Боралдай жазбалары

2-сурет. Жетісу облысы Токмақ қаласы маңындағы Христиан-Несториан қабір үсті ескерткіші

3-сурет. Жетісу облысы Ыстық-Көл маңындағы көне мұсылман қабір үсті жазбаларының ескерткіштері



1-сурет. Жетісу облысындағы Пантусовтың суретінен көшірілген балбал тас, Верный қаласында сақтаулы
2-3-сурет. Жетісу облысындағы Пантусовтың суретінен көшірілген балбас тастар, Сергиопол қаласындағы жекеменшік үйде сақтаулы

лардағы құлпытас жазуларын еске түсіретін әлдебір таңбалар айқышталған. Суреттердің кей бөлігі Н.Г. Хлудов пен И.Т. Пославскийдің¹, мақаласына қосымша ретінде ұсынылған, сондай-ақ, В.В. Бартольдтың² шығармасына Нарын мен Есіккөл тастарымен қоса ұсынылған (қараңыз: V кесте, 1-сурет) Саймалытас суреттеріне ұқсайды.

¹ Қараңыз. Түрк. арх. әуес. үйір. мүшелері хабары мен отырыс хаттамасы. 7-ші жыл, хаттама №2 бет. 40–48, 8-ші жыл, бет. 75–83.

² Орта Азияға 1893/4 ж. жасалған ғылыми мақсаттағы сапардың есебі. XIII Кесте, сур. 1-3.

ШЫМКЕНТ УЕЗИ

Жануарларды бейнелеген тастар мен қандай да бір анықталмаған суреттер мен кескіндер тасжазуы Түркістан қаласының солтүстігінде топограф М.А. Кирхгофтың зерттеуінде табылған еді. Бұл табылған заттар туралы мәліметтер мен хабарламалар Археология әуесқойларының түркістан үйірмесі мүшелерінің Хаттамасына (1906/7 ж., 57-60 бет) түскен. М.А. Кирхгоф Бес-Арық станциясы теміржолынан солтүстікке қарай жүргізілген топографиялық жұмыстар кезінде бірнеше кескіндемелер бар тастарды қарап шығады. Қара және жалтыр түстес, дәл бір майға бөктірілгендей сурет Қара-Жарық жылғасынан құйылған, кішкентай кеуіп қалған арықтың сағасынан 2 шақырымда орналасқан, атауы жоқ жартастың текшесінде салынған. Кескіндеме әртүрлі аң-жануарларды жабайы түрде бейнелеуден тұрады.

Дәл сондай, бірақ, бар болғаны екі немесе үш бейнеленен тұратын кескіндеме Бес-арық³ өзенінің орта ағысында да орналасқан.

Сол секілді жануарлар кескіндемесі мен сол секілді жазуға ұқсас суреттер, негізі, Бес-Арық аңғарының ортасында, Бура диірменінен солтүстік-шығысқа қарай, сондай-ақ, Әбзел-Баба мазарынан сәл-пәл солға қарай, көзге бірден және оңай түсетін жерде де кездеседі. Олар да қара, жалтыр тастардың үстірт жағынан көкшіл тартып көрініп тұрады.

³ Кирхгоф тапқан тас жебелер осы мекенде табылған.



ЖАРТАСТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

ТАШКЕНТ УЕЗИ

Угама өзенінің жағасында Хұмсан қышлағынан 25 шақырымда жергілікті тұрғындардың қиял-ғажайыбын көрсететін маңызды мәнге ие археологиялық және геологиялық түрде қызықты жартас орналасқан¹. Жұрттың айтуынша, жартастардың дәлізі тура Ташкентке апаратын көрінеді; жергілікті аңыз бойынша жартастарда әлдебір тайпалар жасырған ұлан-ғайыр қазына жасырылған. Ал қазірде онда түнде тауларға аң аулауға шығатын құбыжықтар тұрады делінеді. Жол көрсетушінің нұсқауымен сол жартасқа жолы түскен бір саяхатшының айтуынша: «Жартастың кіреберісі біз қолайлы жүре алатын адам бойындай қақпаны бейнелейді. Жартасқа кіре бере бізді тасқараңғы басып, ауа құрғақ әрі адам тұншықтырарлықтай тарылып кетті. Жоғарыдан аққан судың тырсылдап біркелкі тамған әуенді дыбысы жартасты билеп алған өлі тыныштықты бұзғандай. Біз алып келген шырағымызды жаққан кезде түнек аздап сейілгендей болды да, біздің

¹ Аударм. St.-Pet. Zet. 9 наурыз 1902 . №68.

жүзімізге жазықтығы 60 аршынға жуықтайтын түп-түзу күмбез түсті. Бұл күмбездің биіктігінен саңылау арқылы астыңғы жағынан 15–18 аршынға жететін екінші бір күмбезді көрдік. Қабырғалар мәрмәр секілді әдемі қызыл тастан жасалған. Сыздан дымқылданған жартастар шырақтың жалынын қайыра үрлеген кезде үңгір әлдебір қиял-ғажайып әсерге бөлейтіндей. Тура кіреберіс алдында соған ұқсайтын басқа бір саңылау бар. Біз онда кірген соң жоғарғы жағынан баяу тырсылдап тамып тұрған мөлдір сүнгіміз асылған, сызды және қаракөлеңке дәлізге тап болдық. Дәліздің мұзды қабырғалары сондай-ақ, біздің шамымыздың жарығын қайыра үрлеп, кемпіркосақ түстес әртүрлі жарыққа бөледі. Дәліз ақырындап жоғарылап барып, еденін жалтыр мұз жапқан дөңгелек саңылаумен аяқталды. Сондықтан, оған жетпес бұрын біз өзімізбен бірге ала келген балталармен мұздарды тесе бастадық. Әрі қарай біз бұл жерден жіңішке және тар дәлізге тап болып едік, бұған дейін тыныш жанып тұрған шамымыз жыпылықтай бастап, сосын сөніп қалды. Жолбасшы қырғыз бұл дәліз Ташкентке алып баратын жерасты

жолының басы екендігін, әрі қарай биік қабырғалармен жүру қауіпті екенін айтып, жол көрсетуден бас тартты. Біздің шамымыздың жартысы жанып кеткендіктен, әрі ары қарай абайламасақ оңай болмайтындығын түсініп, қайтуға тиісті болдық. Біз кішкентай дәліздің еденінде біразы қойлардың сүйегіне ұқсайтын сүйек үйінділерінің үстінен түстік. Бұл сүйектердің қайдан пайда болғанын түсіндіру қиын; жолбасшының болжауынша, олар жартаста өмір сүретін жұмбақ құбыжықтардың сүйегі болуы мүмкін. Қалай болғанда да, жартастар археологтар мен геологтардың зерттеуіне игілікті дәйек бола алатыны сөзсіз.

Әулиеата УЕЗІ

Сұғыты шатқалындағы жартастар. «Императорлық Орыс географиялық қоғамының» 1885 ж. 3 шығ., XXI томында Д.Л. Иванов Түркістан өлкесінің жартастары туралы бірнеше мәліметтер береді. Ивановтың барлық сапарларынан жартастың археологиялық маңыздылығына ғана назар аударта алады. Бұл жартастар Сұғыты шатқалында Әулиеата өткелдерінің бірінде Александровск бұғауының солтүстік еңісінде жатыр. Онда Иванов қалмақтардың немесе моңғолдардың ойылып жасалған таңбасын кездестірген.

ШЫМКЕНТ УЕЗІ

Боралдай жартастары. П.Комаров өзінің «Боралдай жазулары туралы» мақаласында (қараңыз: «Түркістан Хабаршысы». 4 қыркүйек, 1905 ж., №130) былай дейді: «Бұл орынның басқа назар аударарлық жағы – ағаш сатылы, металл қазандықты жұмбақ жартастар (қырғыздардың айтуы бойынша), Боралдайға құятын Тәтті өзенге қарай, Үлкен-Төртін шығыс

бөктерінде орналасқан. Бұл жартастар тек Жайлаушы қыратымен, Сарыбұлақ, Қараүңгір, Қайыршақтының бас жағымен ғана баруға болады. Жартастың ішіне кірудің сәті түспеді, онда тек арқанмен ғана түсуге болады» – дейді.

Тас ғасырдағы қоныстар. Арал теңізінде Николай аралында қырғыздар тапқан шақпақ жебе¹ мұнда бір кездері тас ғасырдың қоныстары болғандығына негіз бола алады. Негізі, Сыр-Дария өңірінің шет жақтарынан табылған тас құралдары туралы Археология әуесқойларының түркістан үйірмесі мүшелері 1906/7 ж. хабарлаған болатын, мысалы, 57-бетте М.А. Кирхгофтың Түркістаннан солтүстікке қарай, Бесарық өзені арнасының малтатастарының арасынан, жердің үстіңгі қабатынан екі кішігірім тасқұралдың табылғаны туралы хабарлаған болатын.

«Түркістан Хабаршысы», №180 А.И. Симонов Тум-ботин есімді капитанның Түркістан маңындағы тауларда аң аулау кезінде тауып алған тас найзаның ұшы туралы ескертеді. Тас жебелерді негізі Қаратау тауларында да қырғыздардың тапқандығы айтылады; А.И. Смирновтың Қазалының бір қырғыз әйелінің өзімен бірге бойтұмар ретінде алып жүрген төрт тас жебені көргендігін атап өткендігі белгілі. Ол әйелдің айтуына қарағанда, әйелдің әкесі 50 жыл бұрын Қаратау тауына жақындау, Желек сыртындағы әлдебір моланы кездейсоқ қопару кезінде тауып алыпты.

¹ Қараңыз: Археология әуесқойларының түркістан үйірмесі мүшелерінің хаттамасы мен хабарламасы. 1906/7 ж., 57-80 бб. (бұл шақпақ жебе П.С. Назаровта сақтаулы).



ҚОРИМДАР, ҚЫРҒЫЗ ӘУЛИЕЛЕРІ, АҢЫЗДАР ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ӨҢІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Сырдариядағы көне қалалардың іздері. Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің 1900 жылғы 27 наурыздағы отырысында Н.П. Остроумов Н.В. Рудневтің «Заброшенный угол» («Ұмыт қалған түкпір») атты *Ұзын-ата, Сүткент, Жар-төбе, Рабат, Қажан-ата, Артық-ата және Разды-ата* секілді көне қалаларды атайтын мақаласынан («Түркістан Хабаршысы», №15, 16 және 17) үзінді оқыды. Бұл қалалардың орны қазіргі Түркістандық аумақтың шет аймағында және Перовск уезінде орналасқан. Рудневтің мақаласынан үзінді үйірме басқармасының құптауымен жоғарыда көрсетілген Хаттамада, 57–62 бетінде жарияланады. Мен төменде бұл қала орындарының сипаты туралы қысқаша баяндаймын.

«Түркістан өңірінің астанасы Ташкент қаласында білетін адамдардың мұқият зерттеуімен көптеген қызықты әрі пайдалы мәліметтер бере алатын, назардан мүлдем тыс, ұмыт қалған түкпір бар. Менің айтып отырғаным, өткен жылы мен Шардараның

(Шыназ қыстағынан төмен 60–70 шақырым) бұрынғы бекінісінің қорымынан Үш қайықтың өткеліне (Түркістан аумағының Перовск уезімен шекарасына жақын маң) дейін жүріп өткен Жазық уезі мен Шымкент уезінің Түркістандағы аумағымен бірге жатқан, Сырдария өзенінің айналасын, дәлірек айтқанда оның сол жағалауын түгел алып жатқан жер.

Бәрінен бұрын бұл жерде көзіне бірден түсетіні Сырдарияның сол жағалауында жатқан, Сасықкөлге жақын, Шардараның бұрынғы бекінісінің қорымы. Бұл бекіністер Ташкенттің сол кездегі жауы Бұхарлықтар басып кіруінен қорғауда алдыңғы шеп ретінде айтарлықтай көп қызмет ете қоймаған, қазіргі өзеннің екі ұзындығынан құралады.

Бұрынғы Шардара бекінісі мен Үш-Қайық өткелінің қорымынан 350 шақырымда жатқан Сырдария тоғайының жанында жатқан дала алқабында кең де бай мәдениет сыйған: күні бүгінге дейін көне қалалардан қалған бекіністер, кенттер және ескі арықтардың тұтастай бір тарауы... Кет шатқалынан

(Шардара шатқалының төмен жағынан 30 шақырым шамалы) және Түркістан шекарасына дейін бір-бірінен әртүрлі сызық бойындағы қашықтықта жатқан он бір көне қала бар. Оксусты қоспағанда (Үшқайық өткелінен 45 шақырым жоғары жатқан, сондықтан, Ешкіөлместің өткелдері Түркістан қаласының жолында жатыр), неге екені белгісіз, өзінің ежелгі атауын сақтап қалса да, барлық қалалар жергіліктілердің тілімен, бұрынғы атауларын естен шығаратындай қайтадан қойылған атаумен аталып келген. Мысалы: *Кеты, Ұзын-ата, Сют-кет, Байракум, Ичкеге, Ожар-төбе, Рабат, Казан-ата, Артық-ата және Разды-ата* т.б. Ежелгі қалалардың біртіндеп қараусыз қалуы Сырдарияның шікәмшіл әрі тұрақсыз тасқындарынан және құмды дауыл үйінділерінен жиі болып тұратын атмосфералық өзгерістерге көп уақыт төзіп келуіне қатысты. Көне қалалардың көбісі үнемі жөңкіле жылжып жататын Қызыл-Құмның құмдағына көміліп қалуы да әбден мүмкін. Немесе өзен толқындарымен шайылып, әлде өзеннің тереңіне батып кетуі де ғажап емес.

Он бір көне қаланың қорымынан басқалармен салыстырғанда, Сүт-Кент қаласының қорымы жақсы сақталған (қала Қара-Көл өзенінен жоғары 2 шақырымда орналасқан).

Сүт-Кент қаласының қорымы. Сүт-Кент қаласы Рудневтің сипаттауынша, ертеректе өте сұсты қабырғалармен қоршалған, көпбұрышты дөңгелек сипатқа ие болса керек. Қала қабырғаларының салынуы кең-молынан үйілген қорғандардан құйылғандығын, ал жоғарғы жағы аршылмаған кірпіштермен және кесек балшықтан қаланған. Қаланың әр жағынан қойылған төрт қақпасы; соның ішінде бәрінен де жақсы сақталғаны батыс жағындағы жоғарыға қаратылған күмбездері; соңғы тұсы терең жырыққа айналған үлкен қамал. Қақпадан қала орталығына апаратын тік жолмен қиылысатын екі

негізгі көше шығарылған. Қала орталығы қазір де тұзу жерде жатқан көтеріңкі жерді көрсетеді; әрі мұнда көптеген құрылыстар шоғыры болғаны анық. Қала орталығынан дұрыс қиыстырылған көшелер шығады; олардың арасында, кеңінен жатқан терең қазылған жерлер де бар, бәлкім, бақша болуы мүмкін. Қалалардың ортасындағы негізгі жолда Сырдария өзенінен бөлініп шығатын арықтардың шығарысында, Қызыл-Құм жағында, төртбұрышты шеп бекіністер салынған секілді. Одан басқа, қалалардың ортасында қарауыл бекетіне ұқсайтын сирек байқалатын дөңдер басып қалған: ақырғы дөң мен бірнеше шепте ыдыстардың сынықтары шашылып қалған...».

ШЫМКЕНТ УЕЗИ

Отырар қаласының қорымы. Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің 1898 жылғы №4 хаттамасында «Отырар қаласының күйреуі» деген №37 Ресей Түркістанының 1898 ж. Хаттамасына қайта басылған мақала енген. Отырардың күйреуі туралы әдеби материалға қызықты болатындықтан, мен оны *in extenso* қалпында келтіре аламын.

«Біз жақында Арыс өзенінің Сырдарияға құятын жерінен тым алыс емес жерде көне Отырар қаласының қираған орнында болдық.

Біздің өлкеміздің көбісінің белгілі қалалары салыну тарихы IX–XIII ғасырлар аралығындағы парсылар мен арабтардың жасампаздық қайраткерлігін көрсетеді.

Отырар қаласының өмір сүруі тарихтың ең қария қапасына бүркенген, егер қателеспесек, ол туралы Птоломей де Яқсартыда тұрған Фарабиді еске сала отырып, айтады. Қолымызда ешбір тарихи анықтама болмағандықтан, осы бір құпия бір кездері ерекше гүлденген қала туралы бір нәрсе деп анық

айтуды дұрыс деп санамаймыз. Анық білетініміз, Шыңғыс ханның 1279 жылы Отырарды жаулап алғандығы.

Біздің білуімізше, әрі қарай Орта Азияның ұлы «ойрандаушысы» Ақсақ Темір Хазіреттен¹ діни сиынурәсімін жасап келе жатқан әр сапары сайын мезгілдің ең бір күйіп тұрған шағында Отырарда арнайы тоқтап, 40 күн уақытын өткізетін болған. Осындай бір діни сапарында сырқаттанып қалған Ақсақ Темір 1405 жылдың 18 ақпанында, Хижраның 807 жылы 17 шабалында қайтыс болады. Әйгілі қанішер әрі Түркі империясының талқанын шығарған басқыншының қайтыс болуы туралы хабар тұрғылықты халыққа соншалықты әсер еткендігі сондай, тіпті, олардың көбі үрейден тауға қашып, тығылып қалған деседі. Қазіргі күнде жазық кеңістікте бұрынғы қаланың айбатты сипатынан қалған бір ғана еңгезердей төбелі бұрынғы қаланың қамалын көруге болады. Жергілікті жердегі обалар мен қорғандарды шыр айнала қоршап жатқан кішігірім төбелермен терең таныса келе, көне Отырар, басқа да ортаазиялық қалалар секілді бау-бақшалармен көмкерілген 100 шаршы метрге дейін жететін бекіністерден тұрғандығын түсінуге болады. Қамалдан бірнеше шақырым Арыс жағында сақталып қалған көне мазар күні бүгінге дейін жерлеуге қолданылады және Арыстан-баба² әулиенің мазарына жақын орналасқан. Кейіннен жанынан мешіт ашылып, таза су атқылаған құдық қазылады. Қазірде ол жерде сарттар өз отбасымен өмір сүруде. Біздің молдаларға қойған сұрағымызға орай бұл Ақсақ Темірдің қолымен жасалған іс деген қисынға келетін жауап алдық.

Мұнаралары, қақпалары бар қала қабырғаларына көмек болып келе жатқан жағалай жатқан шеңбер сипатты төбелердің бірнешеуі жергілікті ха-

¹ Түркістан қаласы.

² Кейбір авторлар «Арслан-Баба» деп жазады. И. К. ескертпесі.

лықтың арасында біздің тері, көпестік т.б. әртүрлі өндірістік даму кезімізден хабар бере алатындай өз атауларын сақтап қалған. Қала орталығында оның сырт жағындағы айбатты бекіністе кішігірім жыра арқылы төмендегі белгілі жерасты жолына түсіп, қарауға болады.

Жұрттың айтуынша, осы жерде бір жыл бұрын мұнда көмілген сансыз қазына бар екендігін кітаптан оқыдым деп нандырған бір диуана пайда болған деседі. Шынында да, ол осы айтылған жолмен түсіп, онда екі ай бойы күні-түні жұмыс жасап, сосын қайтадан тығылып қалған. Ол сонда көмбе тапты ма, жоқ па ол туралы ешкім білмейді, бірақ, ол тақуаның өзімен бірге бірде-бір археологиялық қазына алып кетпегендігіне кім кепіл?

Жер астындағы көрме бірнеше ондық ұзындыққа созылады және біртіндеп жіңішкере отырып, ақырында тоқталады. Кіріп қарауға болатын бекіністің әжептәуір көлемді соқпақ үстінде болған дөрекі қопарылыстың таяу маңда болғандығын көрсететін көптеген іздер жатыр. Шашылып жатқан қазынаның ішінде ыдыс сынықтары, кейі тығыз, кейі жұқа кірпіштер мен гүлді әшекейлер, сүйектер мен қоқыстар бар. Елдің айтуынша, мұнда юэчжи халқы жасаған әйнектер болған, «Түркістан хабаршысы», 1899 ж., №94, Түркістан үйірмесінің Хаттамасында 1898–1899 ж., 171–174 беттерінде қайта басылған «Отырардың өткені туралы болжам» атты кіріспемен мақала жарияланады. Мақаланың авторы Г.Н. Лыколиннің хабарлауынша: Әжептәуір үлкен көне қаланың астан-кестен күйреуі Арыс өзенінің Сырдарияға құятын маңға (Түркістан қаласынан 45 шақырым, Ақмола станциясынан 40 шақырым) келген кез келген адамның назар аудармауы мүмкін емес.

Ал, мына бір жерде мұсылман ғұламасы Арслан-баба³ мазарынан 2 шақырым жерде жан-жағынан

³ Кейбір авторлар «Арстан-баба» деп жазады. И. К.

дуалдар мен жыралар жабысып, айнала қоршалған үлкен төртбұрыш төбе көрініп тұр; орталық төбеден алыс жаққа шашырай тараған айбатты төбелер жергіліктілер үшін Отырар қаласының бір бөлігі; ал төңіректегі барлық шақырымдар тұрмыстық мәдениеттің бір кездегі белгілерін көрсететін көрсетеді.

Жердің жоғарғы қабатын әшекейлі ыдыс сынықтары басып қалған және жыра түкпірлерінен жергілікті бір адамның табуымен кірпішті көмбенің ізі жатқан жерасты жолы табылған дейді. Бұл жергілікті қария қазір 70-тен асқан, Түркістанда тұрады. Төңіректегі қырғыздардың арасында археологиялық еңбектер туралы бірнеше естеліктер сақталып қалған. Кейбір деректер бойынша, Иртышқан ишан (көмбе іздеушінің лақап аты) парсыдан шыққан деседі.

Ол алдымен, Түркістанға келген, бірақ, оның айналасы әлдебір жағымсыз кесір мінезге бейімділігін байқап¹ қала тұрғындары қуып шығып, ол жақын маңдағы бір ауылға кетеді. Шелек ауылында біраз тұрған соң, ол қайтадан кінәлі болып, тағы да тұрғылықты жерін ауыстыруға мәжбүр болады. Сол кезде оған Отырар қорымының ішіне орналасу туралы ой келеді. Анығында, ишан әлдебір көне кітаптардан ескі қаланың әлдебір түкпірінде ашылмаған қазына жасырылғаны туралы оқыды ма екен, әлде, бұл жай айла немесе алдамкөстік па екен – бірақ, Иртышқан ишан Шелектен кеткен соң өзінің сопы шәкірттерінің біразын алып, оларды көмбе туралы әңгімелерімен айналдырып, солардың көмегімен Отырардың маңында тек құдық қана қазып қойған жоқ, тіпті, жер астында айтарлықтай қазба жұмыстарын да жүргізген. Ишан сол жерде де өзінің мүриттерімен екі жыл тұрып жұмыс жасайды. Бірақ, көмбе бәрібір алынбады, ал ишан, сол аралықта тағы да өзінің мүриттері арасындағы әдепсіз жасырын ниетін

¹ Автор қуақылықты мегзеп отыр. (Редакция ескертпесі).

көрсетіп, ақырында мүриттер қашып кеткен соң, ол өзін жақтырмайтын, арбаушы жәдігөй санайтын Түркістанға қайтадан барады.

...Қаланың салынуы туралы жергіліктілер «Ною»² деп аталатын дүние жазды, ал, оның жоғалуын қалмақтардың басқыншылығы мен өртке қатысты түсіндіреді.

Халықтың жадында ең бір жақсы сақталып қалған фактілердің бірі әйгілі басқыншы Ақсақ Темірдің Қытайға бара жатқан сапарында Отырарда қайтыс болғанын мақұлдайды. Бірақ, бұл фактіні тарих нақтылағанмен, ол Отырардың өткені туралы ештеңе айтпайды.

Егер қолында айтарлықтай мәлімет болмаса, амалсыз, болжамдар жасауға немесе қаперге алып отырған ескертпелерге қатысты әлдебіреулер қолында бар дүниелермен мәліметтер айтып қалар немесе жоққа шығарар деп үміттенуге де тура келеді.

Амудария өзенінің жағасында Бұқар³ қаласы пайда болғаннан бері өз атауын жоғалтпаған Фараб деген қыстақ бар. Бұқардың алғашқы әмірі *Абруне* үкіметі жүргізген аяусыз катігездіктен әртүрлі толқулар орын алып, бұрындары билік еткен әулеттің ұрпақтары бар жер аристократиясының өкілдері мен бай көпестер бұл арадан Түркістан мен Таразға (Әулиеата маңындағы) кетіп, «Хамукат» деп аталған қала салып, (көшіп кеткендердің ішіндегі жолбасшысының есімі «Хамук» деп аталған, оған «кат» деген жалғау қосылғанда «інжу қала» деген мағына береді). Қаланың аты сондықтан «Хамукат қаласы»⁴ деп аталған.

Кейін жеңімпаз Аброя Шер Қишуар Бұқарды иемденіп, Хамукатқа Бұқардан қашқып кеткендер-

² Түркістанның қаншама қалалары өздерінің ештеңеге негізделмеген генеалогиясын осы патриархтан алады!

³ Бұқар тарихы, Мұхаммед Наршахи. Парсыдан ауд. Н.Лыкошин, 12-бет.

⁴ Бұқар тарихы, Мұхаммед Наршахи. Парсыдан ауд. Н.Лыкошин. Ташкент 1897 ж. 12-бет.

дің барлығына елші жіберіп, қайтып келетіндердің барлығын өзіне жақын адамдар етуге уәде беріп хат жолдайды. Оның себебі, қаладан барлық байлар мен белгілі құрметті адамдар көшіп кетіп, Бұқарда қалғандардың көбі кедейлер мен төменгі топтан еді. Осыдан кейін Хамукатқа кеткендер отандарына...¹ қайтып оралады.

«Раузат-уль-абрар» кітабында 292-беттен біз мынадай жолдарды оқимыз: «807 жылы Әмір Темір өзіне Қытай мен Хотанды бағындырғысы келіп, Самарқандтан шыққан кезде, көне кітаптарда Фараб деген атпен мәлім *Утрат* деп аталатын қалада қайтыс болады (бетімен отты шұқырға құлаған)».

Міне, деректер. Енді болжамға көшемін, Отырар немесе жергілікті атауы бойынша *Утрат*, Бұқар көсемі Хамуттың да жоғарыда Бұқар тарихында айтылып өткендей баспанасы болған. Қаланың негізін салған кезде оның негізін салушы Хамуттың атымен Хамукат деп атады. Ал, Шир Қишуардың шақыруымен қайтып барғанда, бұқарлықтар олармен бірге әрине, Хамук та қайтып барғаны белгілі, сондықтан Хамук кетіп қалған соң, оның атымен аталған қаланың атауы да қала үшін маңызын жоғалтқан болуы керек.

Әрі қарай, Бұқардың елеусіз бір қыстағының аты болуы мүмкін «Фараб» атауымен Хамукатта қалған тұрғындар оны өз қыстақтарының атымен атап кетуі де мүмкін. Соңында жергілікті халық айтқандай, қала кімдер болса да, көшпенділердің тарапынан ойранға түскен...Сөйтіп, қала отқа оранған күл қоқыр *Утрат* («ут» – от) атауын алуы мүмкін.

Отырар мен Түркістан жолдарының арасында *Ут-рабат* деген атпен мәлім тағы да бір қорым бар. Мұнда да «Ут» деген сөз жүр.

Осы мақаланың ізімен «Түркістан Хабаршысы» 1900 ж. №3 Лыкошиннің (Түркістан үйірмесінің

¹ Бұқар тарихы, 12–13 бет.

хаттамасы, 1898–1899 жж., 175 б.) мақаласына қатысты басқа бір мақала пайда болды. Мақаланың авторы² В.Бартольд былай дейді: «Түркістан хабаршысы», 1899 ж., №94 Н.Лыкошиннің тарихшы Нершахидің Бұқарға қоныстанушылардың әңгімесіне сүйенген дерекке негізделген Отырарды Хамукатпен теңбе-тең қалаға болжаған мақаласы жарияланды. Автордың болжалы Отырардың басқа бір атауы қазіргі Амудария жағасындағы Фараб қыстағының атауымен аталған деген пікірді білдіргісі келеді...».

Хамукет Х ғасырдың соңында географ Макдусидің айтуынша, Фараб аймағындағы қалалардың қатарында емес, Талас аңғарының ортасында болған; Макдусидің хабарламасы менің «Орта Азияға сапар туралы есеп» жазбамда (16 бет) келтірілген. Фараб немесе Бараб атауы Х ғасырдың географтарының еңбегінде Сырдарияның екі жағын алып жатқан, Исфиджабтан солтүстік-батысқа қарай өңірдің атауын алады. Бұл төңіректің қалалары туралы менің әлі шықпаған «Моңғол басқыншылығы» атты еңбегімде (177-179 беттер) мынадай мәліметтермен баяндалған:

«Истахри мен Ибн-Хаукаль Кедер аумағының негізгі қаласы болып аталады және Сырдария жағалауынан $\frac{1}{2}$ фарсах қашықтықта жатыр. Макдусидің сөзі бойынша, қала төңіректің атауын иемденген; Қаланың аумағы тіпті, 70000 әскерге (?) дейін сыйдыратындай. Сол географтың айтуы бойынша Кедер жаңа қала болған; Онда салынған шіркеулер тұрғындардың арасында қақтығыстар тудырады. Осындай қарама-қайшы хабарлардан кейін Кедер кейінгі Фарабқа немесе Отырарға қайсысына жататын, жатпайтындығын анықтау қиын. *Отырар*, атауы Отырарбенде қаласының әміршісі, Ма-муна халифаның жауларының ортасында Табари деп аталатын қаланың туралы.

² В.Бартольдтың «Отырардың өткені туралы болжам» мақаласы туралы.

да да кездеседі. Фараб қалаларынан Сырдарияның сол жағалауында ислам дінін қабылдаған түріктер мен қарлықтар қоныстанған *Сүткент* қаласы және «күшті әмірші» тұрған шіркеуі бар бекіністі *Весидж* қыстағы болды. Весидж әйгілі философ Әбу Насыр-әл-Фарабидің Отаны болған; бекініс XIII ғасырда да өмір сүрген... Кедерден *Шавгарға* дейін базардың маңында *Сауранға өтетін* тағы да бір өткел болған. Сауранның артына Макдиси тағы да бір кішігірім бекіністі қала *Турарды* орналастырады және оның болыстығына *Зерах* қыстағын енгізеді. Кейіннен қала *Турар-Зерах* деп те аталған. Атауларының ұқсастығына қарамастан, көрсетілген орындарды Отырармен теңдестіруге болмайды».

Отырар қаласы ірі сауда орталығы ретінде алғаш рет XIII ғасырда Мұхаммед Хорезмшахтың тарихына қатысты, кейін Шыңғыс ханның жорығына қатысты айтылады. Моңғол билігі кезінде Отырар Хорезмнен Алмалыға (Кұлжа өңірі) баратын маңызды сауда бекеті болды. Осы уақытқа немесе Ақсақ Темірдің дәуірі кезінде күйреген қаланың жер үсті қабатынан табылған теңгелер туралы ойлауға тура келуі ықтимал. Қалай болғанда да Отырар атауы Табаридің дерегі бойынша елдің арийлік дәуір кезеңіне қатысты болуы мүмкін, сондықтан, оны түріктің «*ут*» (*от*) сөзінен шыққандығымен байланыстыруға болады; бірақ, солай еткен күннің өзінде де, қала атауының екінші бөлігі «*рар*» сөзіне қатысты қанағаттанарлықтай жауап ала алмаймыз.

Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің вице-президенті Н.П. Остроумовтың тапсырмасымен А.Черкасов пен А.К. Кларе көне Отырардың қорымын қарап шықты. Бұл сапар туралы есеп Түркістан үйірмесінің Хаттамасында жазылған (1902/3 ж., 70-74 бет).

А.Черкасовтың жазуы бойынша Отырарға бару екі бөлімнен тұрады: «Темір» станциясынан неме-

се 205 разъезден. Біріншісінен Отырарға дейін 13 сағат, ал екіншісінен – 11 сағат.

«Темір» станциясынан апаратын жол алдымен батысқа барады, сосын, үлкенді-кішілі ескі су құбырларының арасынан қамалдарға қарай солтүстікке бұрылады... Жолдың жиегінде және одан сыртқары да ұзындығы 6 аршынға жететін адырлар ойқастайды. Бұл адырларға көз тастағанда, солтүстіктен оңтүстікке адаспай алып баратындай екі түзу қатар жатқанын ұғуға болады. Түркістанның маңынан бастап, адырлардың бірі Арыс өзені арқылы батыс Отырарды басып өтіп, әрі қарай сол жағалауға қарай жалғасады; Шығыс Түркістаннан басталатын екінші адыр Арыстың оң жағалауы арқылы шығыс Отырарды басып өтеді.

Түркістанның батыс жағынан шығатын бірінші адырлардың атаулары: Жұмалақ-той-төбе, Үш-төбе, Жалғыз-төбе, Алтын-төбе, Арыстанбаб; ал Арыстың ар жағындағы адырлар: Үлкен-төбе, Мардан, Жеті-төбе, Берден, Сеткін және Бес-қара-құм деп аталады. Екінші шығыс қанаты: Қарауыл, Қисық, Майтөбе, Жамана, Ақжалпақ, Шақшақ-ой, Жеті, Айдарлы, ал Арыстың ар жағындағылары Қара-үңгір, Ишім.


Осы бір адастырмас жолдардан қалайша баяғыдағы ұлы Самарқандқа барған ұлы жаулап алушылардың іздерін көрмеуге болады? Екінші жағынан, біраз адырларда тұрғын қоныстардың іздері де бар (ыдыстар, кірпіштер) және жергілікті тұрғындар Отырардың шеберлері болған жер екендігін, олардың атауларымен байланыстырып түсіндіреді. Мысалы, Алтынтөбе белін тұрғындарға қаржы тарататын қазына сарайына теңейді; Қара-күншік – тері илеушілердің; Арыстанбаб 3½ – жергілікті әулие Арыстанбабтың құрметіне арналған негізгі мешіт орны т.с.с. көне қаланың қорымы осы Арыстанбаб сияқты жерлерімен және қамалдарымен еріксіз на-

зар аудартады. Қалғандарының көбісін жер мен жел мүжіп кеткен.

Қамалдан 1 шақырымда орналасқан мешіт оңтүстік батысқа қарай, мұсылман ғұламасы Арыстанбабтың мазарының үстіне салынған. Бұл мешіт кейіннен молда Нар-Мұхаммет Әзіз-Арсланбаевтың айтуымен 40 жылдай бұрын салынған. Ақсақ Темір салдырған көне мешіт жер сілкінісінен қираған.



Мешіттің қазіргі құрылысы айтарлықтай қызықтыра қоймайды; күйдірілген кірпіштен салынған, сопақ сипатта. Мүмкін Отырардың, қамалдың қиранды қалдықтары да қазіргі күнде де сол көлемде, сол деңгейде сақталған шығар. Мешіт әдеттегідей екі күмбезден тұрады – төбесі үшбұрыштанып тоқтайтын киіз үй сипатында. Мешіттің есігі көрер көзге өте ескі көрінетін екі ағаш бағанадан тұрады. Бұл бағаналардың жоғары жағында және төменде ауаның былғануынан сақтанып тұру үшін жасалған ойып жасалған әдемі нақыштардың алғашқы сипаты сақталған іздері қалған; негізінен құрылыс табиғи қалпын сақтаған. Мешіттің іші екі бөліктен тұрады: бірінші үлкен бөлмесінде – ғибадатхана және Арыстанбаб шәкірттерінің мазарлары; екінші кішкене бөлігінде әулиенің өзінің мазары орналасқан. Мешітте де, ескерткіштерде де ешқандай жазулар жоқ. Мешіттің екінші жартысына кірер жерде Мұхаммедтің аяқкімі бейнеленген және діни сөздер жазылған нақыштар бар.


Арыстан-Баб құлпытасы да басқалары секілді ақ матамен жамылған және ұзындығы таңғаларлықтай. Шейхтің айтуынша, әулиенің өзі де тірісінде сондай ұзын бойлы, оған сай денелі болыпты. Сондай-ақ, қазірде Түркістанның Хазірет мешітінде тұрған әйгілі тайқазан бұрын Арыстанбабқа тиесілі болғандай, Отырардан алынып, Түркістанға жеткізілген.



Арыстанбаб Мұхаммедтің тірі кезінде өмірге келген және оған өз қолымен топырақ салған. Ол Мұхаммедтен құрма алған және Хазіреттің туатыны туралы пайғамбарлық алған. Арыстанбаб алған құрманы Хазіретке Мұхаммедтің атынан беруге тиісті болған аманатты орындап барып, туғанына 900 жыл өткен соң қайтыс болған (?!), Хазірет оны өз қолымен жерлеген дейді ¹.

¹ Мұхаммед пайғамбар б.з. 632 ж. қайтыс болды. Ал, түркістандық Хазірет б.ж.с 1166 ж. Мешіт шейхі Арыстанбаб өз жебеушісіне 900 жыл қосып есептеп, хронологияның шегіне шығып кетті.





Отырардың айналасындағы барлық кеңістік ескі арықтармен кескіленген, бірақ, қазірде олардан тіпті, судың да ізі қалмаған. Көптеген арықтар 2 шақырым ұзындыққа ғана жетеді.

Отырар қаласының қирандылары арасында оның солтүстік-шығыс бөлігінде бес бұрышты, әртүрлі профильді бекініс бар. Оңтүстік жағының биіктігі солтүстік жағынан әжептеуір биік. Бекініс әрине саздан емес, бірақ, жерге нық сіңіп тұрғанына қарап, түп жағы балшықтан мықтап қаланған болар деп ойлауға болады.

Бекіністің үш кіреберісі бар: оңтүстік-шығысынан, оңтүстік батысынан және солтүстік жағынан. Бұл кіреберістер бекіністі үш жаққа шашырата бөліп тастайды. Әр жағының өз ерекшелігі бар.

Оңтүстік-батыс түзу бұрышты үшбұрыш, арасындағы ең биігі үстіңгі жағы ыдыстардың баста-

рымен, әйнектелген немесе қарапайым ыдыстармен көмкерілген. Әйнектелген ыдыстардың бастары көзге гүл секілді көрінеді.

Бекіністің бұл бөлігінен бөлініп шығатын түкпірі айналасы үймектермен қоршалып жатқан ең биік дуалды көрсетеді. Бекіністің солтүстік-батыс бөлігі алдыңғысынан аздап бөлініп шығады да, үстіңгі жағында біраз ыдыс сынықтары кездесетін ылдиға айналады.

Бекіністің шығыс бөлігі солтүстіктен оңтүстікке қарай алдымен шұбалаңдап көтеріле түседі де, аумақтардың маңындағы ортада кішігірім төбеге жетіп, сосын солға қарай түкпірге тартады. Бұл жағындағы үйіліп жатқан үйіндінің ортасы желдің күшті соғуы салдарынан төменге қарай болымсыз батып жатыр. Бекіністің барлық үстіңгі жағы бұ-

зылған сазбалшық тамдарынан қалған дөңдермен қоршалған.

Черкасовтың Отырардың күйреуі туралы баяндауынан соң мен Археология әуесқойларының түркістан үйірмесі мүшелерінің 12 қараша 1904 жылғы отырысының хаттамасынан үзінді келтіремін: «Отырысты ашқан вице-төраға Н.П. Остроумов жиынға Орыс Комитетінің Орта және Шығыс Азияны зерттеуге бөлген қаржыға тарихи, археологиялық, лингвистикалық және этнографиялық тұрғыда (600 руб.) осы жылдың жазында, көне Отырар қонысына үйірменің мүшелері А.К. Кларе және А.А. Черкасовтар Императорлық Археологиялық Комиссияның шешімімен қазба жұмыстары жасалғанын айтады.

А.К. Кларе Отырар туралы тарихи мәліметтерді келтіреді. Бұл мәліметтер орыс немесе шет елдік зерттеушілердің ортазияттықшығыстан, жергіліктілерден қандай мәлімет алуы мүмкін болатындығына сай екендігі белгілі.

Соңғы деректер бойынша, Отырардың мәдениетіне орасан апат әкелген тасқындар, қалмақтардың жорығы. XVII, XVIII жүзжылдықтардағы қалмақтармен соғыс – қырғыз халқынан бізге дейін санамызда жатталып қалған бірден бір тарихи оқиға.

Баяндаманың екінші жартысы Отырарды қазуға байланысты баяндауға арналды. Зерттеушілерге нан пісіруші пештер мен крест бейнелі табиғи кірпіштерден жасалған жолдардың қалдығына кездесуге мүмкіндік туыпты. Сондай-ақ, қамалға төбелердің құлап кетуінен сақтап, арқа болып тұратын жаппай қабырғалар да назар аударуға тұрады. Баяндаманың осы бөлігін оқу кезінде археологиялық ең бір құнды көзқарас бойынша қатысушыларға қазба кезінде кездестірген заттар: бірнеше теңге және әйелдің әшекей құрал сынықтары, жалаңаш сүйектер мен әйнектердің сынықтары т.б. Бұдан басқа, жердің жоғарғы қабатынан табылған алтын теңге не-

месе баскиімдегі бастың бейнесі бар медальондар¹ көрсетілді.

Баба-Ата көне қорғанының қорымы. Қаратау тауларының шығыс жақ бөлігінде қорғауға алынған жерде қазірде бір кездері әйгілі Ысқақбаб² атты арабтың тұрған жері болған бекіністің қалдығы ғана жатыр. Бұл қорымдар туралы В.Колосовскийдің баяндамасы Түркістан үйірмесінің 1901 жылғы №3 хаттамасында жарияланды. Мен Колосовскийдің осы қоныс және оның қорымы туралы жазғандарынан үзінді келтіремін. «Мекендеген жерінің сырт пішініне байланысты қала әйгілі болуы мүмкін емес, жабық қала іспеттес болған. Қазіргі күнде одан тауға қарап тұрған бір шаршы мұнара ғана. Берік құйылған ұсақ кірпіштен және өзінің екі өткір ұшымен аспанға қалқып жабырқаңқы қарап тұрған мұнара ғасырлар бойы арабтық ғажайып сәулет өнерінің өткеніне куә бола алады. Төменде мейлінше әдемі мешіт көзге шалынады. Археологиялық тұрғыда айтарлықтай маңызға ие бола алмайтын ол Түркістандағы Хазірет-Сұлтан мешіті секілді сегіз жыл бұрын, жергілікті таулықтардың жер үйінің орнына салынған. Қазірде сом тастардан жасалған екі бүлінген бағана ғана аман қалған. Маған мешітте тұрған шейх өзін Ысқақ Бабаның тікелей ұрпағы санайтын секілді көрінді. Бұл монолитті сегіз қырлы тіреуіштер мейлінше көне сипатта, ескі сипатымен үнді немесе ассиро-вавилондық ғидабатханаларды елестетеді. Олардың бірінің майда жағында жартылай сақталған араб жазуы мұқият ойып жазылған бөлек-бөлек сөздер дәл бір бірдене түсіндіретіндей, бірақ, өзара онша үйлесе бермейтіндей.

¹ Көне Отырарды қазу жұмыстары туралы Черкасов пен Кларенің есебі, Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің хаттамасына қосымша 1903–1904 жж., 13-48 беттер; онда суреттер де салынған.

² Бап-Ата мазары туралы сипаттаманы қараңыз.

Баба-Атаның көне мазары. «Егер сен Шах Ысқақтың моласын іздесең, ендеше, оны Талас дейтін ғажайып жерден табасың», – деп келетін «Насаб-нама» шығармасында тамаша жолдар бар. Бұл – М.С. Андреевтің аудармасы.

Расында да, Қаратау тауларының солтүстік суағарларындағы суармалы жерлердегі шұқырлардың бірінде баяғыда жоғалып кеткен Құмкент пен Сауда-кенттен алыс емес жерде, жергіліктілерге белгілі Баба-Ата шатқалында Ысқақ-Бабаның мазары орналасқан. Ысқақ-баба жергілікті жерде Баба-Ата деген атаумен белгілі және 1025 жыл болып есептеледі. Баба-Атаның шығу тегі туралы деректі В.Колосовскийдің Түркістан үйірмесінің 1901 жылғы №3 Хаттамасында көрсетілген мәліметінен келтіреміз. Мұхаммедтің қызы Фатимаға үйленген Әли одан Шамда, Сирияда әмірлік еткен әулетті алады. Патшалыққа Әлидің тікелей жетінші ұрпағы Ысқақбаб өз әкесі Әбдірахман-Бабадан кейін мұрагер болып қалады.

VIII жүзжылдықтың екінші жартысында Ысқақбаб 150 мың қол жинап, 360 араб қолбасшысының бастауымен, сол кезде Теменнің әміршісі болған ағасы Әбдіжәлелмен бірге солтүстікке аттанады. Шамнан Бағдатқа, Исфакан, Мазандеран, Серахс, Балкы, Бұқар, Шахрисаб, Самарқанд, Өзкент, Қасан, Ошқа аттанады. Ферғананы басқарған екі жерді бағындырып, онда мұсылман дінін орнатып, әрі қарай арабтар үшке бөлінеді: бірі – Қашғар мен Жаркентке, қалғандары – Сырдың сол жақ жағалауымен Жетікент пен Отырарға, үшіншісі – Ысқақбабтың өз қолбасшылығымен Дарияның оң жағалауымен Шаш (Ташкент) пен Исфиджапқа (Шымкент аймағы) аттанады. Ташкентке, жергілікті тұрғындар арасында мұсылмандықты тереңдете орнықтыру үшін имам Бехреддинді қалдырады. Содан кейін Ысқақбаб қалған күшінің басын қосып, 160 мың үй, 30 мың

бақшасы бар бай қалалар Сарай мен Сайрамға аттанады. Онда ол кезде христиан Байғұттин әмірлік ететін. Ол Ысқақбабтың оған мұсылмандықты қабылдап, қантөгіссіз берілуді талап еткен ұсынысына ол өзінің жетпіс жеті атасынан бері тарсылар болғандығын сондықтан, ол соңғы бір тамшы қанына дейін соғысатынын жеткізді.

Ақыры 300 күндік қоршаудан кейін Сайрам құлады, Байғұттин Суалханға, яғни Ысқақбаб кәпірлердің қалған әскерлерін жойған жерге қашып шығады.

Ысқақбаб бұл жеңісінен кейін Қарғалыға аттанып бара жатқан жолда ағасы Әбдіжәлелдің Хожакентті қоршау кезінде өлтірілгенін естиді. Сосын ол өзінің жеңімпаз қолын Хожакентке бұрып, қаланы шауып алып, Өтеміш әмірін өлтіріп, тұрғындарды мұсылман дінін қабылдауға мәжбүр етті. Содан кейін өзіне рухани тынығу қажеттігін сезінген Ысқақбаб Меккеге қажылыққа аттанады. Ол жерден ол Сайрамға қайтып келіп, әйгілі Меккедегі көрген үлгідегідей Жуабыр мешітін салады. Тауқыметті шайқастардан қажыған Ысқақбаб ендігі қалған өмірін бейбіт еңбектенуге арнайды. Қаратау тауындағы орманмен қоршалған көрікті шатқалды таңдап, өзен жағасына өзіне сарай салдырып, бағынышты халықты ұзақ жылдар бойы көрегенділікпен басқарды. Баба-Ата мазарының қазіргі шейхі оның тікелей 30-ұрпағы болып есептеледі.

Сауда-Кент қорымы. Сауда-Кент В.Колосовский баяндаған Қаратау тауларының шығысындағы Құмкенттің орны секілді. Көне Құмкенттен 30 шақырымда, Колосовскийдің 1901 жылы қарап шыққан Сауда-Кент қаласының орны Құмкенттің¹ орнынан әлдеқайда көлемді екендігін байқауға болады. Биік әрі қалың бекініс дуалының артқы жағында Шабақты өзенінің көпіре аққан суы толып

¹ Қараңыз: В.Колосовскийдің 1901 жылғы №3 Хаттамасы.

қалған шұқыр жатыр (Қаратау тауының солтүстік бөктерінде). Бұл шұқырдың арт жағында бөлек тұрған сыртқы қабырғалардың белгісі сақталып қалған; әрі қарай қазір де тек қырғыздардың қабірлері басып жатқан одыр-шодыр орны ғана қалған көне қаланың бұрынғы аумағы кеңінен көсіліп жатыр. Бекіністің ішінде өзіне назар аудартып тұрған төрт-бұрышты үстірт – ішкі қақпаның ізін немесе жергілікті әміршінің кең сарайы болғандығын байқауға болады. Колосовскийді таңғалдырғаны – жердің үстіңгі қабатында пәлендей бір заттардың болмауы.

Батысқа қарай 600 қадам жерде бекіністің кішігірім көлемді орындары қалған. Колосовскийдің жазуынша, бұл берік қорғанша, бір-біріне үш жағынан жабыстырыла салынған екі мұнаралы биік қабырғадан тұрады. Қорғанша шамасы, бұрынғы орыстар отырған өлкені бағындырып, мұсылмандық үстемдік еткен кезеңде қоқандық жергілікті билеушінің резиденциясы болуы керек. Әлбетте, Ысқақбаб дәуірінен сақталып қалғандарды қоқандықтар өздерінің күнделікті үйреншікті қажеттіліктері үшін құртқаны анық. Сырттай бақылаған адамға Ферғананың ескі үкімет билеушісі мұнда өз Отанының дәстүрлері мен талаптарын алып келгендігін байқау қиын емес. Қорғанша шамасы, ресми және әйелдерге арналған екі бөлікке бөлінген, кезінде екі хауызға қарап, ағаштар отырғызылғандығын, арнайы жолдар салынып, атқоралар ұстағандығын көруге болады. Бұл жерде археологиялық еңбекке жарамды орын табылуы екіталай.

Құмкент қорымы. Қаратау тауларының шығыс жағында бір кездері гүлденіп тұрған қала Құмкенттің ескі бекіністерінің орны шашылып жатыр. Бұл қорым туралы мәліметтерді біз Түркістан үйірмесінің 1901 ж. хаттамасынан (№3 Хаттамаға қосымша) табамыз. Мақаланың авторы Колосовский. Бір кездері Құмкент жердің қабырғалармен қоршалған

айтарлықтай үлкен бөлігін иемденген. Көшелердің бірі бізге қамал кездескен қала орталығына алып келді; қабырға біткен соң үлкен дөңгеленген аумақ басталады: бір жағынан Шу өзені қарайып көзге шалынса, екінші жағынан биік таулар кербездене мұнартып көрінеді, ал бүйір жағынан кеңістікпен жымдасып жатқан жазықтар көрінеді. Квадрат формалы күйдірілген ірі кірпіштердің төсі дарбазалы мұнара болғанын көрсетеді; осы жерден баурайдан өте ірі, әрі мұқият қойылған жұмыртастың фундаменті көрініп тұр.

Барлық төңірек гүлді ыдыстардың бастарымен, сынған құмыралармен, қоқысқа көмілген жұқа кірпіштермен толып кеткен. Қазіргі сақталғандардың барлығы да – дала жыртқыштары мен қатігез басқыншылардың қылышынан, қанды замандардың сойқанынан қалғандар. Жерде жатқан адамдар мен жануарлардың сүйектері әбден сарғайып кеткен.

«Қырғыздардың айтуынша, олар Қаратау тауларына өткен жүзжылдықтың басында келген және сол кезде осы жерден құмда жатқан екі зор қорымды тапқан. Бұл қалдықтар аборигендердің осы жерден тауып алған немесе өздері көне ескерткіштердің әлдебір белгілеріне қарап солай атады ма, оның Құмкент және Сауда-Кент атауларын қабылдады ма, ол жағы белгісіз.

Қаһарлы жиһангер Темірлан өзінің көрсоқыр аяусыздығына құтыра мастанып, бүкіл түркістандықты ойсыратып кеткендігі сондай – Құмкент, Сауда-Кент секілді гүлденген қалаларды қиратып кеткен. Қырғыздардың жеткізуі бойынша мыңдаған жылдар бұрын бұл еңселі шаһарлар сол кездегі ең бір күшті болып есептелетін қалмақтардың аталары қоныстанған атамекен болған. Бұл қалалардың тұрғындары қалай тұрып, қалай басқарылғаны туралы тарих бізге ештеңе қалдырмағаны сондай – Мұхаммедтің әулеті Ысқақбабтың қазіргі Түркістанға басып кіріп,

тұрғындарды қылыштың күшімен исламды қабылдауға көндірген халифат дәуірімен салыстыратын ештеңе таппаймыз. Бұл өлке шамасы, оған ұнаған секілді. Ол кезде таулар, ормандар ит тұмсығы өткізгісіз қалың болған деседі.

Таңғы шоқгүл секілді сәулелі де саялы шоқтоғай, мөлдір су мен саумал бұлтқа уездеген отар, төбеден төнген құзда шырқаған жабайы құстар әуені күнге қызған шөлден қажыған арабты еліктіріп, ол көп адамдар тұратын жерден 35 шақырымдық алыстан, жан-жағы таумен қорғалған шұңқырды өз резиденциясы ретінде таңдап алды.

Ысқақбаб ұзақ жылдар бойы билік етіп, қайтыс болады. Өмірден өткен соң, өзінің жақтастарына деген құрметімен бірге «Мазар-Баб-Ата» әулетін қалдырып, өз сарайынан алыс емес жерде жерленеді.

Түркістан қаласының көне кезі. Императорлық Орыс географиялық қоғамының хабарларында (1856 ж. 262-б.) «Потаниннің Қоқан хандығы туралы, Савельевтің ескертпелері бар жазбаларында» кейін Әзірет Сұлтан аталатын Түркістанның облыстық қаласы мұсылмандар үшін қасиетті жер болып есептеледі, өйткені, онда әулие бабалардың топырағын жамылған табыттар мен ескерткіштер бар. Бұл жаққа Азияның барлық көршілес аймақтарынан тақуаларға бас ию, сиыну үшін адамдар ағылып келіп жатады, ал дәулеттілер қайтыс болған туысқандарының денесін олармен қатар қою үшін алып келетіндігі айтылады.

Императорлық Археологиялық Комиссиясының 1867 ж. есебінде Түркістан қаласының көне мешіттері туралы мәліметтері бар¹. П.Лерхтің жазуы бойынша 1404 ж. салынған әйгілі мешіт әулие Ахмед Иасауидің мазарының үстіне салынған. Бұл мешіт – барлық Орта Азия бойынша ең елеулі мешіт². Мұнда

¹ П.Лерхтің Орта Азияға сапары туралы француз тіліндегі есебі

² Қараңыз: Түркістан Хабаршысы. 1897 ж. №44.

даңқты Темірдің шөбересі, әйгілі Ұлықбектің қызы Раб'ия-Бегімнің сүйегі жатыр (б.з. 880 ж. қайтыс болған (хижраның 1475–1476), Әбілхайр-Сүйін-Қажыхан 931 ж. қайтыс болған (хижраның 1524–1525) және оның екі ұлының мазары, шөберелері мен қыздары, Түркістан мен қырғыз сұлтандары мен шейхтары жатқан жер. Табыттың жазуларын Лерх түсіріп алған.

Сауран қаласының қорымы. Сауран қаласының орны Түркістаннан 21 шақырым жерде теміржол станциясына жақын маңда орналасқан. Бұл орындар туралы мәліметтер Императорлық Археологиялық Комиссиясының 1867 ж., XXIX б. есебінде³. Мақаланың авторы П.Лерхтің айтуынша, айтулы бекіністің дуалы қабырғалары саз балшықтан салынғаны көрініп тұрады. Төбелердің көбісі солтүстік-батыс және оңтүстік-шығысқа қарай шашылып қалған.

Бекініс археологтың назарын аударса да, қасына жұмысшылар алмағандықтан, дуалдың тек ішкі жағын кішігірім қазудан ары аса алмапты. Ол осы мақсатта биіктігі 7 аршын бір үлкен мұнаның түбін таңдап алды. Бұл мұнарадан 16 фут қашықтықта 1867 ж. басқа бір бұзылған мұнара шықты. Қабырғаның беріктігіне қарамастан, мұнара кешікпей бұзылып тынатын түрі бар. Себебі, қырғыздар мұнарадан бекіністің маңындағы молаларға қою үшін үсті-үстіне кірпіштер алуда.

Қазба жұмыстары бір аршын тереңдіктен мұнаның түбін табады. Бұл екі мұнара бір кезде тағантасы әлі де болса көрініп жатқан медресенің кіреберісінен жоғары орналасқан. Қырғыздардың молаларынан алыс емес жерде қаланың көптеген табыт тақтайшалары бар көне молалардың ізі көрінеді. Жақсы сақталып қалған жазуларды түсіріп алған Лерх Саураннан 6 шақырым жердегі «Мир» деп ата-

³ П.Лерх, Француз тіліндегі мәтінде.

латын көне бекініске аттанып, сол жерден Түркістан қаласына кетеді.

Сауран мұнарасы. Сауран мұнарасы туралы мәліметтер В.М. Флоринскийдің еңбегінде де («Первобытные славяне». 1-т., 297-бет) бар. Мұнаның сипаты туралы мәліметті мен осы түпнұсқадан келтіремін.

«Мұндай мұнаралар немесе бағаналар (Жетісу облысындағы Бұран мұнарасы) көне ғимараттардан қалған естелік секілді басқа орындардан да табылады. Біз олардан Түркістаннан¹ 50 шақырымда орналасқан Сырдариядағы Сауранның көне қалаларын көрсетеміз. Сауранның сақталып қалған мұнарасы жеті аршын биіктікте. Онымен қатар 16 фут қашықтықта 1878 ж. көктемде бұзылған екінші мұнара тұр. 1866 ж. фотограф Приоров суретке түсіріп алған бұл мұнаралардың көрінісі Пашинаның «1866–1878 жылдар аралығындағы Түркістан» атты шығармасының 63 бетіндегі безендіруде берілген. Пашинаның баяндауында мұнаралар күйдірілген кірпіштен салынған бағана іспеттес, аршыны 6 диаметр, ішкі жағынан жоғарыға дейін әдеміше сатылармен көтеріледі. Пашиннің айтуынша, мұнаралардың бірінің желке жағы көгілдір алтын түстес безерлермен безендірілген (59-бет). Бұл ғимаратқа кіру үшін бір жағынан кіру керек, шағын төртбұрышты саңылауша секілді есік бұрама сатыларға апарды. Саты кішігірім қабырғаларға жасалған төртбұрышты желдеткіштерге шағылысып тұрады.

Сауранның мұнараларын Лерх мырза бұрынғы мұсылманша ғимараттардың қалдығы ретінде, XVI жүзжылдықтың бірінші жартысында салынған деп қабылдайды. Ондай болжам жасауға парсының қолжазбасынан аударылған «Оқиғалар таңғажайыптары» атты түрікше аударма негіз болған. Лерхтің цитатаға алғандары осы баяндалған мұнараларға қаты-

¹ Саураннан Түркістанға дейін тек 27 шақырым.


сы бар ма, жоқ па, әлде басқа бір бұзылған қаланың мұнараларына қатысты ма? Ол туралы шығармада нақтылы бір көрсетілген деректер жоқ. Мұнаралардың бұрынғы медресе ғимараты екендігі де анық көрсетілмеген. Бұл жерде де күні бүгінге дейін барлық мұсылман мешіттерінің мұнараларына қатысты мысалы, болгар бағаналарына қатысты қаншама рет кездескен сол бір құрғақ болжамдар кездеспейді ме?. Г.Флоринский өз ойын бұл құрылыстың салынуы және салу туралы ұсыныста Болгариядағы мұнараларды тұрғызушылармен арада ортақтық бар деп түйеді.

ПЕРОВ УЕЗІ

Көк-кесене құрылысы. «Көк Кесене» құлпытас мұражайы туралы мәліметтер Түркіст. үйірмесінің Хаттамасында (1899–1900 жж., 12-бет) В.Каллаурдың мақаласында кездеседі. Бұл ескерткіш Сағанақтан (Сунақ Ата) оңтүстікке қарай 8 шақырым, Перовский уезінің Түмен – Арық станциясынан солтүстікке қарай 5 шақырымда орналасқан.

Каллаурдың баяндауы бойынша Көк-Кесене құрылысы күйдірілген кірпіштен салынып, көк түсті безендірулермен нақышталған. Ғимараттың бүліне түсуі уақытқа ғана емес, тұрғындардың оның кірпіштерін алып, пайдалануы да себеп болуда. Бұл құрылыстың маңында кірпіштер шашылып жатқан, сексеуіл басқан төбешікті үстірттер жатыр (қараңыз: IV кесте, 1-сурет).

1900 ж. сәуірде В.Каллаур бөлімше жасаушы Н.С. Масич пен екінші рет Көк-Кесенені қарап шығып, күмбездің ішіндегі арабша жазуларға назар аударады. Бірақ, Каллаурға бұл жазудан түсірілім жасау 1901 ж. сәуірінде бұл ғимаратты Лукиновпен бірге көру үшін қайтадан барғандықтан (қараңыз: Түркістан үйірмесінің хаттамасы. 1901 ж. 11 желтоқ-



1-сурет. Сырдария облысының Перов уезіндегі Көк-Кесене кесене

сан) мүмкін болмады. В.А. Каллаурдың айтуынша, ғимараттың артқы жағында таспен қапталған сағана бар. Сағананың үстінде мұсылман әулиелерінің мазарындағыдай ту қойылған табыт¹ бар.

¹ Каллаурдың жинаған анықтамалары бойынша ту қойылған табыттың құрылысы, Сағанақ шырақшысының кесенені кірпіш пен қоқыстан тазартуы, мұнда кейіннен «Көк Кесене Ата» деген ат иемденген жаңа қасиетті орынның ашылуына дайындық болған екен.

Бұл көріністен құрылысты кесене секілді қабылдауға болады. Кесенемен қатар тұрған бір төбе жердің астына сіңіп кетуге дейін бүлінген. Бұл жерден басқа кесененің де қорымы байқалады. Бұл жолы кесененің күмбездіндегі жазуларды кеңсе қызметкері Жайлыбаев түсірсе, фотографиялық таспасын А.Я. Уткин түсірді.

Бірнеше жылдан соң В.А. Каллаурдың «Көк-Кесене кесенесінің қорымы» туралы мақаласына қызығушылық танытқан А. Диваев Түркістан үйірмесінің хаттамасының (1905 ж., 40-42 б.) қосымшасына мәліметтер қосады.

«Мақала авторының жазуынша, мәселе қырғыз аңыздарының бірінде Ақ-Кесене мен Көк-Кесенені үш жүз жылдай бұрын қалмақтардың мекендегені айтылатындығында. Қалмақтар қоныстанған бұл өңірлер – Сырдариядан және Қарықтыдан (Арал теңізі) төмен Сары-Үйшік пен Үйшік елді мекендері болатын. Сол кездері қырғыздардың көбісі аңызда айтылғандай, қалмақтардың билігінде болған, ал, жартысы қырғыздар мен Кіші Жүздің ішіндегі Адай, Беріштердің арасында мекен етіп жүрген, сондай-ақ, қырғыздардың тағы бір бөлігі Ошақты Перов уезінде Ұлы-тау және Кіші-тау тауларында өмір сүрді.

Ташжүрек руынан шығатын Ошақты қырғыздарының ішінде Саурық атты ата тегі жағынан Кіші жүздің батыры Тайлақ батырға жиен болып келетін батыр болды.

Саурық Тайлақ батырдан Ұлы кеңеске шақырту алған кезінде бар болғаны 35 жасар жанып тұрған кезі еді. Бұл кеңес кейіннен қалмақтарды түре қуып шыққан соғыстың жайын ақылдасуға шақырылған жиын болатын.

Кеңес сәтті өтіп, Тайлақ батыр мен Саурық батыр өздерінің өжет те қырағы сайма-сай жауынгерлерін алып, қалмақтарға қарсы соғысқа аттанады. Соғыс 3 жылға созылады. Ақырында Қара-Сиыр деген жерде болған ең шешуші шайқастан кейін қалмақтар Бұлантыға қашып, толығымен күйрейді. Бұл жер сол кезден бастап, «Қалмақ қырылған» деп аталып кеткен.

Аңызда әрі қарай Қара-Сиырдағы қалмақтардың жеңілісі Алаштың үш ұлына дейін жетеді. Содан

кейін барлық қырғыздар бірігіп, қалмақтарды ақырына дейін түре қуып тастайды. Соғыс қалмақтарды Түркістаннан толығымен қуып тастағанға дейін тағы да 3–4 жылға созылады.

Бұл екінші соғыста қалмақтар толықтай күйреп, Итішпес өзенінің бойында және оның Алакөл жағында Арал теңізінен солтүстікке қарай жерлерде үлкен жеңіліске ұшырайды. Шайқастың соңғы нүктесі тарихқа мәлім «Аңырақай» деп аталды. Аңырақай аталған себебі, бұл жерде қалмақтар шынында да әбден абдырап, қашып-сасып, аңырай безген еді.

Сондай-ақ, қырғыз дереккөздерінен алынғандай сол жерде қалмақтар билік еткен кезде Ақ-Кесене бұрыннан болған әрі қарауыл орны ретінде белгілі болған. Бірақ оның қашан, кімнің бұйрығымен салынғаны туралы алғашқы дереккөздері ешкімге беймәлім. Егер, бұл шынында да кесене болса, онда кесене астына кімдер қойылғаны туралы қорытындыға В.А. Каллаур мырза қалай тоқтаған?..».

Сығанақ және Сунақ көне қалаларының орны. 1907 жылдың жазында Ташкенттен қайтып келе жатып, мен Түркістан өлкесінің әскери топографы Нехорошевпен таныстым. Әңгімеміз кездейсоқтан Сырдария өңірінде көп кездесетін көптеген қала орындары мен Темір станциясына жақын орналасқан Отырардың күйреуі жайына ойысты. Менің сұхбаттасым маған егер мен Шуда аялдайтын болсам¹, Сунақ-Ата немесе Сығанақ қаласының орнын барып көруіме кеңес етті. Ол маған мұны айта отырып, бұл алыста қалған түкпірлерді сондай әдемі суреттеп көрсеткені сондай – мен ол жақты өз көзіммен көргім келді. Бірақ, ол егер мен ол жерде қазба жұмыстарымен айналысқым келсе, көптеген жұмысшылар алып, Сунақ-Атада бір жарым ай бо-

¹ Шиелі стансысы Перовск уезінен оңтүстік-шығыс бөлігінен 120 шақырымдай, Түркістан теміржолынан 146 шақырым жерде орналасқан. И. К.

луым керектігін, олай болмаған жағдайда барудың қажеті шамалы екендігін айтты. Бұл сөзді мойындау менің қызығушылығымды тіптен арттырғаны сондай, Шуға келген соң мен бірінші күні-ақ, Сығанақ пен Сунақ-Атаның бұзылған орнын көруге бардым. Бұл қала орындары туралы мәліметтерді біз ориенталист Лерхтен және профессор В.Бартольдтан табамыз. Лерхтің көрсетуімен Сунақ-Ата немесе Сығанақ қаласы 1219 жылы Шыңғыс ханның ұлы Жошының қолына өткен.

Империялық Ресей тарихшыларының айтуынша, Жошы қаланы құртып, тұрғындарды жаппай қырған... Оған қарамастан Сығанақ қаласы 1376 жылы Ақ Орда ретінде әлі де болса өмір сүріп тұрды. Сунақ-Атаның орны туралы басқа да мәліметтер Түркістан үйірмесінің хаттамасында (1 сәуір, 1896 ж.¹ Хаттамасына қосымша және 17 ақпан² 1897 ж. Хаттамасына қосымша).

Сығанақтың қираған күйіне қарап, одан өткен күйреуді елестету де қиын. Жетпей жатып-ақ, жол үстінде шашылып жатқан сансыз кірпіштер мен ыдыстардың, құлаған қабырғалардың сынықтары кездеседі. Міне, мына бір үлкен оба төртбұрышты түрде биіктігі 15 адым, айналасы 1000 адымдай болып бөлініп жатыр. Қазірде сексеуілдермен қоршалып жатқан бұл бұрынғы бекініс те айналасындағы қорымдар секілді. Бекіністің етегіндегі терең жыра обаның оңтүстік-шығысы жағында ізі көрініп жатқан арықпен тұтасады. «Түмен» деп аталатын бұл арық бір кездері тұрғындарға молшылық пен игілік алып келген, оның кең арнасында сан мың өсімдіктер өседі. Арнаның тереңінен қазып шығарылған құдық та бұл жерден өтіп жататын керуен біткеннің шөлін басып, құмарын қандыратын зәмзәм дәмімен мәлім.

¹ А.И. Макшеевтің «Түркістанға тарихи шолуы», 16-бет; Лихошиннің «Түркістан өлкесіне археологиялық ізденістер очеркі». 4–5, 16-бет.

² Көне Сырдарияның орта және төменгі ағысы. Е.Т. Смирнов.

Бұл мекен туралы «Түркістан Хабаршысының» 1907 ж. 12 қаңтардағы³ баяндауын келтіре кету де артық болмас еді. Түмен өз бастауын Сырдариядан 10 шақырым жатқан Шилі арығынан жоғары жақтан және осы жерде болған бұрынғы теміржолдан 2 шақырым жоғары жерден алады. Мұндағы іздерге қарап, арықтан бөлініп шыққан басқа да жылғалар бар деп ойлауға болады.


Станциядан жоғары темір жолды кесіп өткен соң арық тарамданып таралып кетеді де, Сунақ-Ата шатқалына беттейді. Темір жолдың ескі арықпен қиысқан жерінде 5 ұзындықта көпір салынған.

Арықтардың екі жаққа таралған іздері ежелгі Сунақ-Ата қаласы Түмен арығының суымен қамтамасыз етілгендігін анық көрсетеді. Сондықтан ортақ бағыты Шилі жылғасына қапталдаса жатыр деп айтуға болады».

Мен екі күн Сунақ қаласынан қалған қорымдардың арасында XII–XIII жүзжылдықтарының керамика үлгілерінің жинағын жинай жүріп, адасып жүрдім. Әр жерде қалай болса солай шашылып жатқан – кірпіштер, гүлді ыдыстардың басы, әйнектелген түтікшелердің сынықтары, адам мен жануарлардың сүйектері. Бекіністің ішінде бұрынғы көшелер мен балшықтан жасалған камалдардың іздері жатыр. Қираған ғимараттың арасында әртүрлі сынықтардың ішінен мен бірнеше тотыққан қола теңгелер тауып алдым. Теңгелердің әбден тотыққаны сондай – ондағы жазулардан ештеңе тану мүмкін емес. Жергілікті шырақшы маған арабша жазуы зорға байқалатын қола теңге сыйлады. Менің ойымша, қаланы басып алған жеңімпаздардың қаһарлылығы сондай, тіпті, бірде-бір бүтін затты табу мүмкін емес. Барлығы да бүлінген, қиратылған, құртылған. Үлгі кейінгі дәуірлердің кесенелері. Кейде зорға

³ Нехорошевтың мақаласы. «Сырдария өңіріне қоныс аудару мәселесі» (Түркістан Хабаршысы. 1907 ж., 12 қаңтар).

байқалатын құлпытасты, араб жазулы сарт мазарлары кездеседі. Бірақ, бұл ұзын-сонар молалардан ең таңғалдыратыны – күйдірілген кірпіштерден салынған кейбір кесенелердің тым үлкендігі. Оның ішіндегі ең үлкені жергілікті шырақшының айтуы бойынша бекіністің оңтүстігінде бір шақырымдық қашықтықтағы қасиетті Алла-Умей Хасамутдин Сахибтың әулеті.



2-сурет. Сыр-Дария облысы Қармақшы ауданындағы Шеке Нияз әулиенің моласы

Бұл кесене соңғы рет бекіністің оңтүстік-шығыс жағында тұрғызылған. Кішігірім күйдірілген кірпіштен салынған балшық үй. Ол солтүстікке қараған кішкентай күмбезі бар төртбұрыштан тұрады. Құбыла жағынан кіреберіс кішкентай жапсырма арқылы алдыңғы алаңнан өтеді (қараңыз: 2-сурет).

Есік алдында жылқы қылдары мен әртүрлі қиықтардан өріліп жасалған ұзын қадалар орнатылған.

Кесененің ішінде қызықтыратындай дүниелер де баршылық. Онда табыттың үстінен ақ жамылғымен бүркелген бірнеше тауешкінің мүйіздері, жақсы сақталған безерлердің ex-voto¹ түріндегі кесектері, сондай-ақ Меккеден әкелінген кара жібектен жасалған араб жазуындағы қасиетті белгілер бар. Бұл жерден табыттың қабырғасында араб қарпімен жазылған қағаз парақтарын да көруге болады. Қасиетті мазар-

ға жыл сайын сиынуға келетіндер топ-тобымен ағылып келіп жатады.

Бұл шөлдің бірден-бір мекендеушісі – ескі қалалардың қорымына қоныстанған қырғыздар, Сунақ-Атаның қасиетті мазарын қорғау үшін қойылған мазарлардан алыс емес орналасқан мешіттер. Кезінде қабырғаны толтыра әртүрлі безер нақыштар-

¹ Қырғыздар өз туыскандарының мүрдесін ескі кірпіштер мен безерлердің арасына жиі бөлейді.

мен қапталған ескі ғимарат та мәнін жоғалтпаған; Бұл көне ғимараттың сипатын біз В.Каллаурдың Түркістан үйірмесінің хаттамаларынан көреміз (1899–1900 жж., 7-бет). «Сунақ-Атадан бәрінен бұрын өзіне назар аудартатын бұл қаланың пайда болған кезіне қатысы бар, күйдірілген кірпіштен салынған екі биік ғимарат. Олардан үлкендігі жағынан үш жағынан кіретін есіктерден қазірде оң жағындағы 8 аршын биіктіктегі екеуі ғана сақталып қалған. Бұл ғимараттың ұзындығы мен ендігі – 15 қадақ. Екінші ғимарат – ұзындығы мен ендігі жағынан 9 қадақ, шығыс жаққа қарап тұрған бір ғана терезесі бар. Екінші ғимараттың астында оң жағынан кіретін күмбезді төбесі бар, ал қазір кіреберіс таспен бекітілген. Әр ғимараттың астында күмбезді төбелер болған, бірақ бүлініп қалған. Екі ғимараттың ішінде ешқандай безендірулер жоқ, ал бұрынғы ғимараттардан қалған екі күмбездің қалдығы, сылақтардың қалдығы сақталып қалған. Қазірде бүлінген күмбездердің орнында екі ғимараттың да күмбезін шырақшы қамыс қақпақпен, бөренемен тіреп қойған.

Ғимараттың сыртында әшекейлі безендірудің қалдықтары сақталып қалған. Екі ғимараттың да бұрыштарында күйдірілген кірпіштен салынған төрт жапсырма шамасы, тұруға арналған болуы керек. Құрылыстардың бірінде қазірде шырақшы өз отбасымен тұрады, ал өзгелерінде керуен жолымен келгендер орналасады. Бұл құрылыстың жапсырмалары кейіннен салынған секілді».

Мұнда тұрып жатқанына 8 жыл болған шырақшы Мола Қош-Мұхаммед Тәттібаев, екінші ғимараттың астындағы табытта Сунақ-Ата Алла-Умей Хисамутдина Сахиби Нихая атаған әулиенің мүрдесі жатыр дейді. Айтпақшы, сол шырақшының айтуы бойынша Сунақ-Атаның мазары оңтүстік-шығыс жақта және жаңа ғана баяндап өткен бекіністің түкпірінде екен.

Шындығында, – дейді Каллаур, – ешқандай да лақыпта бұл әулиенің табыты болмаған. Күмбезді төбелі лақыпта қарағай мен талдардың үймесі; арасында адамның бас сүйектері, қабырғадағы табытта 19 ересек және жас балалардың бас сүйегі салынған. Бір жағынан бұл бұзылған табыттардан, қабырғаларға қойылған мүрделерді шырақшының жасауы да мүмкін.

Бұл мүрденің болған, болмағаны туралы менің төмендегідей жағдайға байланысты ойламаған жерден білуіме мүмкіндік туды.

Қараңғы бұрышта фотоаппаратты қуаттап алу үшін мен қырғызға көмектесуін сұрадым. Ол біраз қоңылтасып (колебания) барып, мені ғимаратқа алып кіріп, сабанды көтеріп, оның астындағы плитаны қозғамақшы болды. Біраз күш жұмсап барып, орнынан қозғаған соң, еденде жіңішке кірпіштерден қаланған төменге түсетін тар жол пайда болды. Біз онда үлкен күшпен түстік. Бұл жолдың түпкі жағында басқа да жартылай дөңгелек тар саңылаулы етік секілді жырық жол бар екен; оны көру үшін тізерлеп жүру керек болды, еңбектеп отырып, басымды төмен қусыра иіп, алға біраз жылжыған соң ғана барып, қабырғадағы табыттарға соқтығыстық. Ішкі жақты қалташаммен сәулелендіріп, аздап бойымды үйрете бастадым. Мен бір адым аттағанша, мүрделер салынған қабырғаның бір бұрышына жабысып тұрған қырғыз, маған өзінің өктем әрі қырылдаған даусымен бірденелерді жекіп айтып тоқтатты. Менің қызыл қалташамымның әлсіз жарығынан мен оның үркіп, шошына қараған түсіне қарап таңғалдым. Әрі оның себебі, әлдебір маңызды нәрседе жатқандығын аңғардым. Расында да, едендегі адам сүйегін басып кете жаздап байқап қалдым. Оған жақындап қарағанда, онымен қатар басқа бір қаңқаны, сосын үшіншісін, сосын төртіншісін, тағысын тағы

шамасы, одан да көп болуы мүмкін мүрделер біршама екен. Бір ғажабы, Каллаурдың жеті жыл бұрын көрген қабырғадағы табытқа қойылған бас сүйектерін көрмедім.

Ендігі сұрақ мынада: бұл мүрделер мұнда қандай жолмен келгендігі турасында. Егер мұнда тірі адамның кіруінің өзі осыншама қиын болса, шынымен де, бұл құрметті жерге айтулы әулеттен шыққан адамдардың жерленгені рас па? Әлде бұл әлдебір басқыншының қолынан қаза тапқан әлсіз адамдардың мүрделері ме екен? Не де болса, оларды ауыр тақталармен мәңгілікке көміп, қылмыс немесе кектің ізін жасырған болар.

Сунақ туралы мәлімет алу маған мүмкін болмады. В.Каллаурдың мақаласында жергілікті шырақшы Тәттібаевтан алған дерек туралы хабарлама бар. Тәттібаев шыққан ру болып есептелетін Сунақтар, өзін сарттар мен қырғыздардың арасынан шыққан деп есептейді; олардың біреулері көшіп-қонып жүреді, біреулері ат үстінде жүреді. Сунақтан шыққандар Перовский уезінде Жаңа-Қорған болысында 300 бас. Сауранда 50 бас. Түркістанда 200 туырлық, Баба-Қорғанда 150 туырлық. Бұл қаланың Сунақпен арада жатқан қорымы Сағанақ деген атпен белгілі. Сағанақ аңызы бойынша, қала ойрандалғанға дейін онда сунақтар келіп қоныстанған. Сағанақ қираған соң (бұл 777 жыл бұрын, қазір 785 ж.) сунақтар Бұлғарға кеткен, сосын қыпшақтар билігі кезіндегі Арыс өзенінің жағасында Қараспанда өмір сүрген. Қыпшақтарды бағындырғаннан кейін сунақтар қокандықтармен Перовск уезіне, қокандықтар салып жатқан Жаңақорғанға көшеді. Сағанақ қаласы Сырдария Қызыл-Құмның бойымен аққан кезде Арыс өзенінен тартылған сумен суландырылған. Арықтың үстінде және Арыс өзенінде ондаған мың адамдар жұмыс жасаған, бірақ неге ол пошта стан-

циясының атымен «Түмен арық» деп аталған¹. Бұрынғы арықтың қалдығы жаңа қорғанда Назар арық болып сақталған. Оны Түмен арық станциясының маңындағы Сунақ қаласының тұрғындары пайдаланады, ал араларында Қара-Көл-арық. Бірақ қазіргі уақытта арыққа су басқа жақтан келеді.

Көне Сунақ қаласының қорымы Түркістан әскери-топографиялық бөлімінің шығарған Түркістан өлкесінің 40 құлаш картасында Түмен-арық станциясынан 10 шақырымдық қашықтықта Сунақ қорған деген атаумен көрсетілген (мүмкін одан көп болуы да мүмкін). Бұл қорымдардың Сунақ-Ата атауын иемденуі кейініректе бұл өлкеге шырақшылар келген кезбен, яғни, халыққа ол жерде әулие адамның жатқанын жариялау мақсатына байланысты болуы мүмкін».

Сунақ қаласы туралы мәліметтер²

سقناق شهری و آئینک ویران و خراب و نا آبادلیغی
خصوصیده

سقناق شهرنینک خراب بولغان لیغیغه سبب شول طریقہ
ایکان کیم چینکز خان مشرق طرفده کی ولایتلارنی وخطای
مملکتنی نی تمام آلیب نصر فیلغاندین سونکره اورکنچ
وایران پادشاهی محمد شاه خوارزم کا ایلچی یوبارکان ایکان
ایکاویمز دوست لیک و آشنالیک رابطه سیننی قیلش تورساک
مملکتلاریمزنی آراسیده سودا کرلار باریب کیلب تورسه
یورتلاریمز آباد و فقرالاریمزنی تنچ بولماغیغه سبب بولوب
تورساک دیب خوارزم شاه بول سوزلارنی قبول قیلب

¹ Қазір Түмен-Арық стансысы.

² Археология әуесқойларының түркістан үйірмесі. 1899–1900 жж., 16-19 б.

кішілеу әрі басқа қосалқы ештеңесі жоқ. Бұл екеуінің екінші жайы мұқият қаланған, ұсақ кірпіштермен бөлінген, бірақ оған кіруге болмайды, өйткені оны қойдың көңі басып қалған. Тек сәл тереңіректе жыра көрінеді. Күмбездің үстіне қамыс төселген, ары қарай кірпіш көмбесі. Сыртқы қабырғалары әшекей безендірулерге толы. Екінші ғимарат сәл кішірек, түзу және жақсы жасалған. Екі жайдың да ішкі жағы қидың қалың қабатымен бүркелген. Сондай-ақ, мұнда да табыт болуы мүмкін. Бұл екі ғимарат та көшіп-қону кезінде суықта қойлар түнейтін жай болуы мүмкін. Бестам бекінісі айналасы 108 ұзындықтағы қамалдан және айналасы 40 ұзындықтағы қамалды дуалдан тұрады. Қамалдардың жердегі дуалы мейлінше жақсы сақталған 3 қадақ ұзындықта».

Қызыл қала қорымы. Мен 1907 жылы¹ болған Қызыл Қала қорымы Шилі арығына жақын Скобловск жолында (Шиліден 8 шақырым және Бәйгекұм ст. 17 шақырым) №85 разъезде орналасқан; Бұл разъезден Бала-мұрынға дейін тарау тартылған. Көне бекіністің айналасын биік сексеуілдер басып қалған. Бұрынғы бекіністен қалған балшық қабырғалар мен эзер көрінетін құрылыс қалдықтары бекіністен алыс жерде күйдірілген кірпіштен салынған күмбезден опырылған мазар көрінеді. Осы жердегі, шамасы бабалардікі болуы керек, қарапайым молаларда екі қырғыз бесігі жатыр.

Оқшы-Ата қорымы. А.Ниязовтың В.Каллаурға² хабарлауындағы бұзылған ғимараттардан қалған қорымдар мен күйдірілген кірпіштерді саралай келе, бұл үлкен қала болған деген болжамға келді. Ол Желектен 7 шақырым қашықтықта орналасқан. Мұнда қала қорымының атауына айналған мұсылман ғұламасының биік мазары Оқшы-Ата биік мазары тұр.

¹ Қараңыз: Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының 1908 ж. №8 хаттамасы. И. К.

² Қараңыз: Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің хаттамасына қосымша. 1902/3жж., 61-бет.

Көп-Рабат қорымы. Бұл қорғандар Тартығай станциясына қарсы 30 шақырымда, тау жаққа қарай орналған. А.Ниязовтың Каллаурға³ хабарлауы бойынша бұл бұрынғы атты адамдар жүретін тұрғындардың орны, бірақ ескі қала да емес, бекініс те емес, құрылысы әртүрлі шашылып жатыр. Олардың көбі күйдірілген кірпіштен салынған. Жергілікті қорықшы Губановтың хабарлауы бойынша Көп-Рабат Желектен 40 шақырымда солтүстікке қарай орналасқан. Олардың Каллаурға ұсынған схемалық жоспары⁴ бойынша Көп-Рабат Сарышығанақ станциясының маңынан солтүстікте қарай орналасқан. Бұл қалашықтың қорымы көп орын алып жатыр. Барлық *рабаттар* бүлініп кеткен және күйдірілген кірпіштерге толы. Оның шығыс бөлігі Мыртық-Рабат атанады. Келесі батыс бөлігі Қос-Рабат күйдірілген үйме кірпіштерден тұрады. Мұнараның бір шақырымында батысқа қараған жағында күйдірілген кірпіштің рабатынан қалған қорымдар бар. Әрі қарай жазықты оңтүстігінде, одан кейін Сарышығанақтың оңтүстігінде күйдірілген кірпіштер, екі үйдің орны байқалады. Олардан әжептәуір төменде оңтүстікте бірнеше балшық үйдің орны, ал оңтүстікке қарай, олардан кішігірім түп етегі бар. Арықтардың ізі сақталмаған: оларды құм басып қалған болуы керек.

Абыз тас немесе Құттыкент қорымы. Каллаурдың баяндауы бойынша Абызтөбе (Құттыкент) – қырғыз молалары жатқан құм басқан кішігірім бекініс. Абызтөбе сондықтан «Құттыкент» деп аталады. Каллаур бұл жерде атты адамдар болған деп болжайды.

Ақтөбе қорымы. Көк-Кесене құрылысына жақын, Төмен-арықтан 6 шақырымдай Скобловский жолының бойында Ақтөбе қорымы орналасқан.

³ Қараңыз: Археология әуесқойларының түркістан үйірмесінің хаттамасына қосымша. 1899–1900 жж., 13-бет.

⁴ Қараңыз: Түркістан үйірмесінің хаттамасы. 1902/3 жж., 62-бет, В.Каллаурдың мақаласы.

Каллаурдың баяндауы бойынша бұл қорымдардың айналасы 750 қадамнан тұрады. Қақпа шығыс жағында қамал үстіртте. Қамалдың биіктігі 5 аршын, дуалдың биіктігі батыс жағынан 2½ ұзын. Бекіністің ішінде қырғыз – Айымбет (Приречски болысында №5 ауыл) жүргізген құрылыстар бар.

Урдакент қорымы. Урдакент қорымы. Каллаурдың көрсетуі бойынша, Жаңа Қорғаннан солтүстікке қарай 5 шақырымда орналасқан. Олар дөңгелек формада. Жердегі дуал – 575 адым. Құрылыстардың өзі жоқ. Көптеген бас сүйектері мен кірпіш сынықтары көзге түседі.

Балапан-Төбе қорымы. Балапан-Төбе бұл – құм басқан қорған немесе кішігірім жер дуалы бар 385 адымдық бекіністен тұратын үстірт. Үстіңгі және төменгі айналасы 517 адым; қорғанның биіктігі – таудың етегінен жотаға дейін 27 адым. Сырдария өзені жағынан оңға қарай жер дуалы тартылған, ұзындығы 180 адым батыс жағы қорғанға қарай тартылады, ал келесі шығысқа қараған жағының ұзындығы 115 адымға тартылады. Дуалдың ұзындығы – 18 адым; айналасында жыралар жоқ.

Перовск маңындағы көне ғимараттар мен қорымдар. Перовск¹ атырабы көне молалар мен тұрғындардың қалдықтарының қорымымен көз тарттады. Бұл жердің сипатын біз Е.Смирновтан (қараңыз: Түркістан үйірмесінің Хаттамасына қосымша. 1897 ж., 12 ақпан) табамыз. Сырдария өз. оңтүстік жағалауында Перовскіден Қармақшы бекінісіне дейін 120 шақырымға дейінгі түзу сызықтықта Қараөзек атты кілең қамыстар мен жабайы өсімдіктер басқан етек жатыр. Жергіліктілердің аңызы бойынша Қараөзек тармағы Перовск қаласының төмен жағынан бастау алатын арық болған. Мұндағы жабайы өсімдіктердің арасынан атты адамдардың іздері мен күй-

¹ «Ақ-Мешіт» бекінісі, қазір Перовск. Қоқан ханы Омар Түркістанды басып алған соң салынған. 1809–1822.

дірілген қалдықтары, бас сүйектер жиі кездеседі. Перовскіге жақын, өзеннің сол жақ жағалауынан² екі өзен – Жаңадария мен Құбадария өзендері бас-тау алады әрі қарай сол жақтан Қызылқұм шөліне қарай ағады.

Құбадария арнасы Дәуқарынға барып қосылады; оның барлық арнасы күні бүгінге дейін анық көрініп жатыр. Су Ақша-Теңіздің төмен жағына дейін барады; ұзындығы Перовскіден 300 шақырым. Бұл орындарға жақын қазірде адам баспайтын шөл далада осы жүзжылдықтың жартысында кейін Әмударияға кеткен қарақалпақтар тұрған.

Жаңадария мен Құбадария ерте кездері шексіз үлкен тығыз ағынды болған; мұнда Перовскіден оңтүстік-батысқа қарай көптеген қалалардың қорымы орналасқан. Археологиялық тұрғыда бұл орын мүлдем зерттелмеген деуге болады.

1893 жылы Н.П. Остроумовтың тапсырмасымен мұнда поручик А.И. Симонов болған. Бірақ ол Қармақшыдан кеткен соң, тек Жеті-Асар шатқалына тоқтаған; Түркістан картасынан анық көрініп тұрған мұнда жеті қала орналасқан. Көпке белгілі *асарлардың* аты: *Тибет-асар, Ирис-көл-асар, Бидай-асар, Құм-шек, Ұңгірлі, Қараиш-Қараиш, Тектұрмас* және басқалар. Бұдан басқа ондағы құрғақ арналардың бойында көптеген адырлар орналасқан. Сол сияқты қабырғалар сынығы мен мен мұнаралар ізі, аршылмаған кірпіштер мен саз балшық бұйымдарының қалдығы жатқан бүтіндей бір қалалардың да қорымы бар.

Қармақшы бекінісінен төмен Сыр өзені шөл далаға құйылып, тек Қазалыда ғана бір кездері орталығы Жаңакент немесе Жанкент болған жаңа қаладағы көне мәдениеттің, атты адамдардың ізін сақтаған. Ал, бүкіл өзен бойына қырғыздың Қорқыт мазарына жақын маңда, Қармақшы бекінісінен 20

² Смирновтың мақаласын қараңыз.

шақырымда атты адамдардың ізі кездесіп отырады (Е.Смирновтың мақаласы).

Перовск маңындағы қорымдар туралы мәліметтерден біз Левшиннен: *Жингит-Қала* (Жынгыткала) деген қорғандардың қорымын табамыз. Қорғанның қабырғасы 5 аршын биіктікте, өткен жүзжылдықтың соңына дейін мұнаралары бүтін болған. Ол Сыр мен Құбаның ортасында орналасқан.

Құм-Қала, Құба-Қала, Құлшық-Там, Сарлы-Там, Күйік-Там Жаңадарияның қуарған құндағында жатыр.

Бұзын-Қасар Құбадарияда оның Бесөзек деп аталатын құйылысынан алысырақта жатыр. (Қырғыз Қайсақ Ордаларының сипаты А.Левшин, 1832 ж.).

Ашнас және Эшнас көне қалаларының қорымы. 1899 жылы В.Каллаур¹ Ашнас немесе Эшнас көне қалаларының қорымдарын қарап шықты. Қазірде «Асанас» деп аталады. Каллаурдың сипаттауы бойынша бұл көне қалада Головачевский болыстығы Сырдарияның сол жағында Ақ-Арықтан төмен 25 шақырымда орналасады. Асанас (Аша-нас) Асанас-Өзек деген бастауын Сырдария өзенінің сол жағынан алатын Сары-Шығанақ стансасынан сәл төменіректе жатқан орынның атымен аталады.

Асанас қорымдарында бәрінен бұрын назар аудартатыны – биіктігі 20 адымға дейін жететін бекіністердің қабырғаларының сақталып қалғандығы. Бекіністің айналасы 20 шақырым, оның бес қақпасы болған: оңтүстік жағынан екеу, қалған жақтарынан бір-бірден. Бекіністі дуалдың оңтүстік батыс түкпірі күйдірілген кірпіштен қаланған. Бекіністі дуалдың көптеген жерлерінде сексеуілдер жатыр. Ішінде бұрынғы құрылыстардың ізі байқалады. Каллаурдың болжауынша, балшықты және аршылмаған кірпіштерді жергілікті қырғыздар түптағанға таңдап алып

отырған. Түптағанның орындары анық көрініп тұр. Бекіністің ішін сексеуіл басып қалған.

Бекіністің сыртында, батыс жағында күйдірілген кірпіштен салынған күмбез тәріздес мазар бар. Шамасы онда сүйекқап (склеп) болуы керек, ал асылы әріректе тағы бір төмен жағы күйдірілген кірпіштен жасалған мазар жатыр, жоғарғы жағы – аршылмаған кірпіштен. Бұл мазарлардың арасында және айналасында балшықты құрылыстардың қалдықтары жатыр.

Батыс жағында 2 шақырымдық төртбұрышты Ақтөбе қамалы жатыр. Бет жағының әрқайсысы 200 адымдық, ал ішінде төртбұрышты, ұзындығы 70 адымдық, көлденеңі 60 адымдық төбе тұр. Оның биіктігі түбінен төбесіне дейін 55 адым.

Қамалдың шығыс жағынан 2 шақырымдық төртбұрышты бекініс бар, екі жағының ұзындығы – 200 адымдық, ал қалған екеуі – 185 адымдық. Бұл қамал мен бекіністің ортасында бұрынғы арықтар мен кірпішті пештердің қалдықтары жатыр.

Көне қала – Жем қорымы. Жемнің өмір сүруі бізге Шыңғыс ханның Орта Азияға жасаған жорықтарынан белгілі. Шыңғыс ханның ұлы Жошы Сығанақ немесе Сағанақты, Барқыт-кент, Өзкент пен Ашнас немесе Эшнасты алып, әрі қарай Құтылық хан билеп отырған Жем қаласына жылжиды. Қала бірден алынып, тоналады, бірақ тұрғындарды Сығанақты алғандағыдай қырған жоқ. Тарихта Жем қаласы туралы осы кезден кейін еске алынбайды, тіпті, аты да тұрғындардың арасында белгісіз болып қалады. Мүмкін, В.Каллаур² айтқандай, Жем қаласы облыс орталығы болғанын тоқтатқаннан кейін бұзылып, қираған шығар.

Ол жерде не болса да, Жем қаласы Сырдария өңірі үшін тарихта айтарлықтай рөл ойнағаны мәлім. Бұл

маңызды мәдени орталық туралы мен көбірек мәліметтер келтіре аламын. Каллаурдың «Жем қаласы туралы іздер»¹ мақаласынан біз мынадай жолдарды оқимыз: «Моңғолдық дәуірге дейін Сырдарияның төменгі ағысында Жем қаласы құрамына Сығанақ, Барқыткент, Өзкент, Ашнас т.б. қалалар кіретін облыс үкіметінің резиденциясы болған. Бұл қалалардың қорымдары Перовск уезінде орналасқан.

